

**КӨК ЖЕЛЕГІ КӨБЕЙДІ**

7-БЕТ | ЕЛОРДА



**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН БАЛА**

10-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**МАХАББАТ МҰҢЫ: ҒАСЫР ДИЛЕММАСЫ**

11-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> ҚАЗІРГІ БҰЛЫҢҒЫР ЗАМАНДА ЕҢ БАСТЫ МІНДЕТ – ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІГІН, ЖЕРІМІЗДІҢ ТҰТАСТЫҒЫН НЫҒАЙТУ. ОЛ ҮШІН БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ БОЛУЫ КЕРЕК. ХАЛҚЫМЫЗ ТАТУ БОЛСА, ІШКІ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ БОЛСА, БІЗ БАРЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢЕМІЗ. КЕЗ КЕЛГЕН КЕДЕРГІДЕН ӨТЕМІЗ.

№150
(4894)
Сенбі
20 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

# ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНА МЕН ТОКИО: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияға ресми сапары барысында Токио губернаторы Юрико Коикэмен кездесу өткізді. Кездесу аясында Астана мен Токио арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юрико Коикэ кездесу барысында цифрландыру, Smart city технологияларын және қаланы орнықты дамыту, жасанды интеллект, шаһарды басқару ісіне инновациялық шешімдерді енгізу салаларындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Сонымен қатар мегаполистердің тұрғындары мен қонақтары үшін анағұрлым жайлы, экологиялық тұрғыдан таза, қауіпсіз және инклюзивті орта қалыптастыру жайын қарастырды. Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен Токио губернаторы Юрико Коикэ Қазақстан және Жапония астаналары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Мемлекет басшысы қаланы басқару ісіне жасанды интеллектіні енгізу бойынша екі ел астаналары арасындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор екеніне тоқталды. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаевқа Токио қаласының Smart city тұжырымдамасы таныстырылды. Жоба халықтың тұрмыс сапасын жақсартуды, шаһарды басқару тиімділігін арттыруды және орнықты даму үшін озық технологияларды пайдалануды көздейді.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР






## ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Астанада Жаңа жыл мерекесіне арналған шыршалар шамы жағылды. Қаланың бас шыршасы «Астана Арена» стадионы алдындағы ауқымды алаңда бой көтерді. Сондай-ақ елорданың 6 ауданында бір мезгілде 40 шыршаның шамы жанып, тұрғындарды қуанышқа бөледі.

3

## АСТАНА – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Биыл елордада «Таза Қазақстан» акциясы аясында 800-ден аса экологиялық іс-шара ұйымдастырылды. Тазалық жұмыстарына 627 мыңнан астам қала тұрғыны қатысты.

Бас қалада бір жыл ішінде 1,1 миллионнан астам жасыл желек отырғызылды. 180-нан аса қоғамдық кеңістік пен аула жаңа сипатта абаттандырылды. Биыл қаладан шамамен 120 мың тоннадай қоқыс шығарылды. Жыл басынан бері 338 заңсыз қоқыс тастау орындары анықталып, олар толықтай жойылды. Ең бастысы, «Таза Қазақстан» акциясы Астанада экологиялық мәдениеттің қалыптасуына зор ықпал етіп, қала тұрғындарының тазалықты қолдайтынын көрсетті.



4


## БӘРЕКЕЛДІ, «БАРЫС»!

КХЛ чемпионатында ел намысын қорғайтын елордалық «Барыс» хоккей командасы қатарынан екінші мәрте жеңіске жетті.

Чемпионат басталғалы турнир кестесінің соңғы жағынан шыға алмай жүрген «Барыс» бейсенбі күні Мәскеуде жергілікті «Динамо» командасына қарсы ойнап, 4:2 есебімен жеңіске жетті. Ал одан бұрын Екатеринбургте «Автомобилист» командасын 4:1 есебімен тізе бүктірген еді. «Барыс» жаңа жылға дейінгі төрт ойынды өз алаңында, яғни «Барыс Арена» спорт сарайында өткізеді. 21 желтоқсанда «Сочи», 23 желтоқсанда «Трактор», 25 желтоқсанда «Автомобилист», 27 желтоқсанда «Амур» командаларымен кездеседі.

**№150** (4894) 20/12/2025 Сенбі





# ЖАПОНИЯ-ҚАЗАҚСТАН: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЙДЫ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

18-20 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Жапонияға барды. Сапар аясында Император Нарухитомен, Премьер-министр Санаэ Такаичимен, Жапонияның іскерлік орта өкілдерімен кездесті, сондай-ақ «Орталық Азия – Жапония» саммитіне қатысты.

**ИМПЕРАТОРМЕН ЖҮЗДЕСТІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жапонияға алғашқы ресми сапары Император Нарухитомен кездесуден басталды. Президент қонақжайлық танытқаны үшін Жапония Императорына ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Күншығыс елінің тәртібі мен табандылығын әуелден үлгі тұтатынын атап өтті. Сондай-ақ екі елді өзара құрмет пен түрлі саладағы табысты ықпалдастыққа негізделген байырғы достық қатынастар біріктіретінін жеткізді.

Император Нарухито Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сапары Жапония мен Қазақстан арасындағы байланыс тарихында елеулі уақиға ретінде қалатынын және екіжақты қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығаратынын айтты. Мемлекет басшысы мен Император өзара ынтымақтастық мәселелері және халықаралық мәселелер жөнінде пікір алмасты.

**ҒИБАДАТХАНАНЫ АРАЛАДЫ**

Президент сапар барысында Токиодағы Мейджи Джингу синто ғибадатханасына барды. 1920 жылы салынған кешен императорлық киелі орын саналады. Оның аумағында 120 мыңға жуық ағаш пен жасыл желегі бар саябақ орналасқан. Ғибадатхана түбегейлі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу арқылы Жапонияны әлемнің дамыған елдерінің біріне айналдырған император Мейджиге арналған. Кешенмен танысқан соң Мемлекет басшысы Құрметті қонақтар кітабына жазба қалдырды.

«Мейджи Джингу – берекелі бірлік пен ұлттық сана-сезімнің символы. Жапон халқы үшін осы қасиетті ғибадатхананың тарихи мән-маңызы ерекше. Күншығыс елі өсіп-өркендей берсін!» деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРМЕН ӘҢГІМЕЛЕСТІ**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта Жапонияда білім алып, түрлі салада қызмет етіп жүрген Қазақстан азаматтарымен кездесті. Мемлекет басшысы Жапония сияқты дамыған елдің тәжірибесін зерделеу маңызды екенін айтты.

«Бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін береді деп ойлаймыз. Жапон тарапы да үлкен мән беріп отыр. Ынтымақтастығымыздың келешегі зор болатынына ешқандай күмән жоқ. Өздеріңізге белгілі, Қазақстан өз дамуында жаңа кезеңге қадам басты. Биыл ел экономикасының өсімі 6 пайыздан асты. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Дегенмен мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Инфляцияны төмендету, инфрақұрылымды жаңарту қажет. Қазақстан келешекте цифрлық елге айналуы керек. Алдымызда осындай үлкен мақсаттар тұр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Отандастарымыз арасынан Ritsumeikan Азия – Тынық мұхиты университетінің вице-президенті, профессор Серік Мейірманов, ARIA Consulting негізін қалаушы Арайлым Хасан, Showa және Juntendo медицина университеттерінің доценті Әбдібек Қалибек, Ailia компаниясында жасанды интеллект технологиясымен айналысатын инженер Эльдар Төлеубай сөз сөйлеп, өздерінің Күншығыс еліндегі жетістіктерімен бөлісті. Президент Жапонияда тұрып жатқан қазақстандықтарға табыс тіледі.

**ДОСТЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Тошиаки Эндо бастаған Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасы мүшелерімен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Достық лигасының қызметіне жоғары баға беріп, оны екіжақты ынтымақтастықты нығайтудың маңызды тетігі ретінде қарастыратынын атап өтті.

«Еліміз Токиомен жан-жақты ықпалдастықты одан әрі арттыруға баса мән береді. Парламентаралық диалог тереңдей түсті. Түрлі деңгейдегі байланыстар тұрақты түрде жалғасуда. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы екіжақты қатынастарымыз тың серпінмен дамып келеді. Жапония Қазақстандағы ірі инвестордың қатарына кіреді. Былтыр тауар айналымы 2 миллиард долларға жетті. Бұл – Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерімен жалпы сауда көлемінің 70 пайызынан астамы деген сөз. Сондай-ақ көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда нақты жобалар бар. Біз бүгін Император Нарухитомен кездесуде медицина саласы, су мәселесі бойынша пікір алмастық. Шын мәнінде екіжақты ынтымақтастықтың келешегі зор. Мәдени-гуманитарлық байланысымыз тереңнен тамыр тартады. Екі ел білім және ғылым, мәдениет пен өнер, спорт және туризм салаларында өзара тығыз ықпалдастық орнатты. Биыл Осакада өткен Дүниежүзілік көрме аясында қазақтың ұлы ақыны, ғұлама ойшылы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуын атап өттік» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы жаһандық өзекті мәселелерге қатысты Қазақстан мен Жапонияның ұстанымдары ортақ екеніне тоқталды.

«Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдар аясында бейбітшілікті қамтамасыз ету, ядролық қарусыздану мәселелері бойынша бір-бірімізді үнемі қолдап келеміз. Қазақстан аймақаралық ынтымақтастығымыздың маңызды тетігі саналатын «Орталық Азия + Жапония» саммитіне айрықша мән береді. Премьер-министр Санаэ Такаичи ханыммен өтетін кездесуде бірқатар мәселені талқылаймыз. Бұл келіссөздер саяси диалогты тереңдетіп, экономикалық және гуманитарлық алыс-берісті жандандыруға жол ашады. Халықтарымыз өсіп-өркендеп, өзара тиімді қарым-қатынасымыз нығая береді деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ПРЕМЬЕР-МИНИСТРМЕН КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ**

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылы сап түзеп, қос елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт бергеннен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Санаэ Такаичи бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Содан соң Премьер-министр офисінде қазақ-жапон келіссөздері басталды.

Мемлекет басшысы Қазақстан делегациясына қонақжайлық көрсеткен Санаэ Такаичиге ризашылығын білдірді.

«Бұл сапар, шын мәнінде, екі ел арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі. Біз Жапонияны әрқашан Азиядағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз деп санаймыз. Бүгінгі Жапония – ғасырлар бойы қалыптасқан даналық пен бірегей дәстүрді заманауи инновациямен үйлесімді жарастырған, дамыған мемлекет. Сіздің парасатты әрі мықты басшылығыңызбен еліңіздің халықаралық аренадағы рөлін одан әрі нығайтатын ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Біз Жапонияны алыстағы көршіміз, дегенмен жақын әрі сенімді досымыз деп жиі айтамыз. Өзара байланыстарымыздың тарихы тереңде. Бұған дейін Сіздің еліңізге төрт рет келген едім. Бұл – менің Президент ретіндегі алғашқы сапарым. Қазақ-жапон қарым-қатынасының берік институционалдық негізі қалыптасқан. Өзіңіз айтқандай, 2004 жылы Жапонияның сол кездегі Сыртқы істер министрі Кавагучи ханыммен бірге «Орталық Азия + Жапония» форматына бастамашы болдық. Сыртқы істер министрлері деңгейіндегі алғашқы кездесу Астанада өтті. Бүгінде мұндай кездесулердің кеңінен танылғаны соншалық, ірі мемлекеттердің көбі «Орталық Азия плюс» платформасын құптайды. Бірақ Жапония бұл диалог алаңының алғашқы бастамашысы және негізін қалаушы болып қала береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жапония Премьер-министрі Қазақстан Президентінің ресми сапары екі елдің өзара тиімді ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенім білдірді.

«Сізбен жүздескеніме қуаныштымын. Осыдан 21 жыл бұрын Сыртқы істер министрлерінің «Орталық Азия + Жапония» форматындағы алғашқы жиыны өткен еді. Оған Өзіңіз төрағалық еттіңіз. Бүгін, міне, «Орталық Азия + Жапония» форматындағы мемлекет басшыларының кездесуіне Президент лауазымында қатысқалы отырсыз. Қазақстанды заң үстемдігіне негізделген еркін әрі ашық әлемдік тәртіпті нығайту ісінде стратегиялық серіктес ретінде қарастырамыз. Өзара тиімді қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін Сізбен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға ниеттіміз» деді Санаэ Такаичи.

Келіссөздер барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты байланыстарды дамыту перспективасы егжей-тегжейлі талқыланды. Келіссөз қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Санаэ Такаичи Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Екі елдің ресми делегация мүшелері 14 үкіметаралық және ведомствоаралық құжатқа қол қойды.

**БҰҰ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ДӘРІС ОҚЫДЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев Токио қаласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы университетіне барып, «Дүрбелеңге толы дәуірдегі стратегиялық сенімді қалпына келтіру: әділетті әрі тұрақты әлем құру жолындағы Қазақстанның ұстанымы» тақырыбында дәріс оқыды. Мемлекет басшысы университет ұжымын оқу орнының құрылғанына 50 жыл толуымен құттықтап, БҰҰУ-дың бүкіл халықаралық қоғамдастықтың игілігі үшін нақты шешімдер әзірлеуге қосқан үлесін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев өзі ұстанатын қағидаттар мен жапон этикасы арасындағы үндестікке тоқталды. Яғни үйлесімділік, даналық және жауапты көшбасшылық – шынайы күш-қуаттың қайнары.

«Ханзада Сётоку VII ғасырда «үйлесімділік бәрінен биік бағалануға тиіс» деп жазды. Бүгінде бұл қағидат мемлекеттік басқаруда және халықаралық қатынастарда басты рөл атқарып, Қазақстанның сыртқы саясатында айқын көрініс тауып отыр» деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы дағдарыс белең алған және көпжақты ынтымақтастық тетіктері айтарлықтай әлсіреген қазіргі кезде әділетті әрі тұрақты әлем құру жөніндегі ой-пікірімен бөлісті.

«Соңғы он жылда жер жүзінде қарулы қақтығыстар көбейіп, ушығып кетті. Әлемдегі әскери шығындар былтыр 2,7 триллион долларды құраған. Бұрын-соңды мұндай болмаған. Сонымен қатар алпауыт елдер арасындағы стратегиялық бақталастық шырқау шегіне жетті. Соның салдарынан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қандай да бір ірі халықаралық қақтығыстарды шеше алмайтын дәрменсіз күйге түсті» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы геосаяси тұрғыдан жікке бөлінудің күшеюі мен ірі державалар арасындағы сенімнің төмендеуі салдарынан БҰҰ мүмкіндіктері барған сайын шектеле түскеніне назар аударды. Сол себепті ұйымды жан-жақты реформалау жай әңгіме күйінде қалмай, ортақ басымдыққа және стратегиялық қажеттілікке айналуға тиіс.

«Кез келген маңызды реформа БҰҰ Жарғысына сай іске асырылуы керек. Егемендік, аумақтық тұтастық және дау-дамайды бейбіт жолмен реттеу секілді негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуға тиіс, ешкімге артықшылық берілмеуі қажет. Сонымен бірге Жарғының кейбір ережелері XXI ғасырдың талаптарына сәйкес келмейді. Соның ішінде ұйымға айтарлықтай қолдау көрсетіп келе жатқан Жапонияға және басқа да елдерге қатысты әділетсіздік бар. Әлем өзгерді, ал Жарғы осы өзгерістердің соңынан ілесе алмай отыр. Жауапты диалогқа көшіп, келешекте құжаттың сенімділігі мен өзектілігін қамтамасыз етудің уақыты келді деп санаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесін реформалау кейінге ысыруға болмайтын өте маңызды міндет екеніне тоқталды. Президент аталған орган қызметіне орта державаларды, Азия, Африка және Латын Америкасы елдерін кеңінен қатыстыруға шақырды.

«Қауіпсіздік Кеңесінде жауапты орта державалардың үні анық естілуге тиіс. Олар ірі ойыншылар арасында қайшылықтар болған жағдайда араағайындық жасап, шешімдерді ілгерілетуге септігін тигізе алады. Қазақстан сыртқы саясаттағы миссиясын осы бағытпен байланыстырады. Біз берік ұстанымға негізделген теңгерімді, сындарлы, көпвекторлы дипломатия жүргіземіз. Бұл біздің ұлттық мүддемізге сай келеді әрі ұдайы БҰҰ Жарғысына сүйенетін дамушы орта держава ретіндегі болмысымызды көрсетеді» деді Президент.

Ушыға бастаған ядролық қатер проблематикасына дәріс барысында айрықша назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев адамзаттың ядролық қарудан тартқан зардабын Қазақстан мен Жапония сияқты терең түсінетін ел кемде-кем екенін айтты.

«Хиросима, Нагасаки және Семей қасіреті ядролық қаруға жауапкершілікпен қарап, ұстамдылық танытудың қаншалықты маңызды екенін еске салады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Семей ядролық полигонын жабу және әлемдегі төртінші ядролық арсеналдан бас тарту туралы тарихи шешім қабылдады. Бұл біздің осалдығымыз емес. Керісінше, стратегиялық көрегендік танытып, осы арқылы бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігі маңызды екенін көрсеттік. Арада отыз жылдан аса уақыт өтсе де, осы ұстанымнан айнығаң жоқпыз: жаһандық қауіпсіздік жүйесін ядролық қарумен ұстап тұруға болмайды. Халықаралық қоғамдастық жаппай ядролық қарусыздану бағытында белсенді әрекет етіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың күшіне енуіне үлес қосуға тиіс. Қазақстан жаппай қырып-жоятын қаруы бар алпауыт елдер арасындағы жоғары деңгейлі диалогты қайта бастауға үндейді. Сондай-ақ ядролық қаруды қолдану немесе сынау қаупін жою үшін анағұрлым батыл әрі көпжақты әрекетке шақырады» деді Президент.

№150 (4894) 20/12/2025 Сенбі



# ЖҰМЫСШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Бейбітшілік және келісім сарайында «Жұмысшы мамандықтар жылы: жетістіктер, даму және перспективалар» атты салтанатты іс-шара өтті. Ол Жұмысшы мамандықтар жылы аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығаруға арналды.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен Жұмысшы мамандықтар жылының маңызына тоқталып, бастаманың жай ғана ұран немесе бір реттік науқан емес екенін атап өтті.

– Жұмысшы мамандықтары – ел дамуының берік негізі. Еңбек адамы бар жерде тұрақтылық бар, сапа бар, нақты нәтиже бар. Мемлекет басшысы айтқандай, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор әрі нағыз маман болу идеясын қалыптастырамыз. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Осы мақсатта елордада Жұмысшы мамандықтар жылы аясында 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларына ерте кәсіби бағдар беруге ерекше назар аударылып, колледждер базасында оқушылар 10 түрлі мамандық бойынша алғашқы жұмысшы білігін алды. Сонымен қатар мектептерде 100 профильді сынып ашылып, 1800-ден астам оқушы қамтылды. Жастардың еңбек нарығына ерте араласуына басымдық берілді. Маусымдық жұмыспен қамтуға бағытталған жастар еңбек жасағына 5 мыңнан астам студент пен оқушы тартылды. Бұдан бөлек, 28 мыңға жуық студент пен оқушы «Электрондық еңбек биржасы» платформасы арқылы жұмыс істеу дағдысын меңгерді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жаңарып, ресурстық орталықтар ашылуда, жұмыс берушілермен бірлескен қысқамерзімді бағдарламалар іске асуда. Осы жұмыстардың жалғасы ретінде «Жұмысшы мамандықтар аллеясы» ашылды. Мұндай бастамалардың жүзеге асуына үлес қосқан әрбір азаматқа шынайы алғысымды білдіремін! – деді Есет Байкен.

Іс-шара барысында колледждер мен әлеуметтік серіктестердің Жұмысшы мамандықтар жылы аясындағы негізгі жетістіктері мен бастамалары таныстырылды. Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін қала әкімінің алғыс хатымен бірқатар педагог марапатталды. Олардың қатарында «Astana Polytechnic» жоғары колледжінің «мехатроника» құзыреті бойынша халықаралық сарапшысы Самир Керимов, «желілік және жүйелік әкімшілендіру» құзыреті бойынша халықаралық сарапшы, арнайы пәндер оқытушысы Светлана Лапенко, «нан пісіру ісі» құзыреті бойынша халықаралық сарапшы, Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің өндірістік оқыту шебері Еркебұлан Махмұтов бар. Халықаралық деңгейдегі сарапшылар мен педагогтар – «кондитерлік іс» құзыреті бойынша халықаралық эксперт, өндірістік оқыту шебері Жазира Жұмағазы, «веб-технологиялар» құзыреті бойынша халықаралық эксперт Айжан Зиаданова, «графика дизайны» құзыреті бойынша халықаралық эксперт Гаухар Қадыртаева, «сантехника және жылыту» құзыреті бойынша халықаралық эксперт Ержан Қасымов марапатталды. Бұдан бөлек, Жұмысшы мамандықтар жылы аясында республика көлемінде ерте кәсіби бағдар беруге бағытталған «1000 бейінді сынып» жобасын жоғары деңгейде жүзеге асырғаны үшін №26 мектеп-гимназия директоры Ольга Тодераш алғыс хат алды.

Халықаралық кәсіби шеберлік жарыстарында Қазақстанның намысын қорғап, жоғары нәтижеге қол жеткізген студенттер де назардан тыс қалған жоқ. EuroSkills Herning-2025 IX еуропалық кәсіби шеберлік чемпионатында «Үздік медальон» иегерлері атанған «Astana Polytechnic» жоғары колледжінің студенттері Мұхаметжан Ағыбай, Данил Турапин және Данил Лапенко, сонымен қатар халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен қатысушылары – TurkicSkills-2025 халықаралық чемпионатының жеңімпазы, Мағжан Жұмабаев атындағы Жоғары халықаралық колледж студенті Таиржан Аметов, EuroSkills Herning-2025 чемпионатына қатысқан Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті Аяулым Ахылбек, Технологиялық колледж студенті Ләззат Асыланқызы, Сервис және туризм колледжінің студенті Ержан Балтабай алғыс хатпен марапатталды.

**Шапағат ӘБДІР**

# СУ АЙДЫНДАРЫНДА РЕЙД ЖҮРГІЗІЛДІ

Елордада су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары «Қауіпсіз мұз» республикалық акциясы аясында Есіл өзенінде рейд өткізді. Құтқарушылар тұрғындарға мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, сақтық шараларын қатаң сақтау қажеттігін ескертті.


– Күн сайын таңғы сағат 8:00-ден кешкі 20:00-ге дейін су айдындарында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Құтқарушылар өзен жағалауын аралап, балық аулаушылар мен сырғанаушыларға қауіпсіздік талаптарын түсіндіреді. Қазіргі таңда біздің қызметте 23 техника бар. Оның ішінде суда жүзетін қайықтар және су айдындарында жұмыс істеуге арналған арнайы техникалар жұмыс істеп тұр, – деді Астана қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының орынбасары, подполковник Данияр Тәжібаев.

Маманның айтуынша, ауа райының құбылмалы болуы өзендердегі мұздың қалыңдығына тікелей әсер етуде. Қазіргі уақытта Есіл өзенінің кейбір бөлігінде мұздың қалыңдығы небәрі 10 сантиметрге дейін ғана жетсе, жекелеген аумақтарда мұз мүлде қатпаған.

– Күннің бірде суып, бірде жылынуына байланысты мұздың беріктігі әлсіз. Сондықтан балық аулауға келетіндер мен сырғанаушылар үшін қауіп өте жоғары. Мұндай жағдайда мұз үстіне шығу адам өміріне үлкен қатер төндіреді, – деп ескертті подполковник Данияр Оңалдыұлы.

Қыс мезгілі басталғалы бері Астана қаласының су айдындарында мұз астына түсіп, қаза тапқан адамдар тіркелмеген. Алайда құтқарушылардың дер кезіндегі көмегінің арқасында бір адам аман қалды.

Құтқарушылар қала тұрғындарын және қонақтарын мұз үстіндегі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға, белгіленбеген жерлерде мұз үстінде жүрмеуге, балық аулау мен сырғанау кезінде аса сақ болуға шақырады.




# ЖАҢА ЖЫЛ ЛЕБІ ЕСКЕН «ЕРТЕГІ FEST»

Биыл Астанада жаңа жылдық іс-шаралар «Ертегі Fest» стилінде ұйымдастырылды. Жоба қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше көңіл күй сыйлап, қысқы демалысты мазмұнды әрі әсерлі өткізуге мүмкіндік берді.

Кеше елорданың 6 ауданында бір уақытта 40-тан астам жаңа жылдық шоршаның шамы жағылды. Барлық негізгі орындарда концерт бағдарламалары ұйымдастырылды. Мұз айдындарында, сырғанақтар мен фотоаймақтарда түрлі ойын-сауық іс-шаралары өтті.

Жаңа жылдық безендіру аясында Астанада биіктігі 7 метрден 25 метрге дейінгі ондаған шырша орнатылды. Олардың қатарында «Астана Арена» стадионы маңындағы, Ақбұлақ өзені жағалауындағы, Орталық саябақтағы, ЭКСПО алаңындағы, Ботаникалық бақтағы, «Қазақ елі» монументі маңындағы, «Нұрлы жол» теміржол вокзалы жанындағы және басқа да қоғамдық орындардағы шоршалар бар.

Қала тұрғындары мен қонақтары үшін мұз айдындары, дөңгелек және тік сырғанақтар, коньки тебу алаңдары әзірленді. Олардың ішінде ұзындығы 213 метрлік дөңгелек сырғанақ, диаметрі 80 метр дөңгелек коньки тебу алаңы, сондай-ақ бірнеше шағын және ірі мұз айдындары бар.

Ертегі стиліндегі шағын сәулет формалары мен жарық инсталляциялары қаладағы негізгі қоғамдық кеңістіктердің көркін асырды. Олардың қатарында бұғылар, аюлар, қояндар, ергежейлілер, «Пряник үйлер», «Аяз ата шеберханасы», «Аю отбасы», «Сиқырлы шар», «Қыз бен бала» және басқа да композициялар бар. Бұл элементтер тұрғындар мен қонақтарға серуендеуге және естелік фотосуреттер түсіруге арналған.

Мерекелік бағдарлама аясында концерттер, балаларға арналған интерактивті ойындар, аниматорлардың қатысуымен қойылымдар ұйымдастырылды. Кейбір алаңдарда шырша шамын жағу сәтінде дрон шоуы мен мерекелік отшашулар болды. Ірі сауда және ойын-сауық орталықтарының іргелес аумақтарында биіктігі 7 метрден 14 метрге дейінгі жаңа жылдық шоршалар жағылды. Бұл қаланың барлық бөлігінде біртұтас мерекелік атмосфера қалыптастыруға бағытталған.

Жаңа жыл қарсаңында елорданың орталық көшелері мен бульварлары, саябақтары мен алаңдары жарық инсталляциялары және тақырыптық безендіру элементтерімен көркемделді. Қаланың қысқы келбеті «Ертегі Fest» жобасы аясында тұрғындар үшін де, қонақтар үшін де ортақ мерекелік кеңістікке айналмақ.




# БАЛАЛАР ҚУАНЫШҚА БӨЛЕНДІ

«Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында әлеуметтік сүйемелдеудегі балаларға арналған жаңа жылдық мерекелік іс-шара өтті. Оған әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардан 80 бала қатысты.



Іс-шара аясында Астана қаласы әкімдігіне қарасты Қуыршақ театрының әртістері жаңа жылдық театрландырылған қойылым қойды.

«Жаңа жылға арналып ұйымдастырылған мерекеге 80 бала қатысты. Негізінен, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға арналды. Балаларға жылулық сыйлауды Астана қаласының қуыршақ театры ұйымдастырып жатыр. Мұндай іс-шара жыл сайын ұйымдастырылады» дейді Сарайшық ауданының отбасылық-әлеуметтік сүйемелдеу бөлімінің басшысы Айнұр Ғазизқызы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мерекелік бағдарлама балалардың мәдени дамуына оң әсер етіп, жаңа жыл мерекесі қарсаңында олардың көңіл күйін көтеруге септігін тигізеді. Іс-шара соңында балаларды Аяз ата мен Ақшақар қарсы алып, жаңа жылдық сыйлықтар табыстады.

**№150** (4894) 20/12/2025 Сенбі






# АСТАНА – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Соңғы жылдары экология мен ортаның сапасы тек коммуналдық мәселе емес, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. «Таза Қазақстан» жобасының ауқымды қоғамдық қозғалысқа айналуына Мемлекет басшысының саяси және рухани қолдауы айрықша серпін берді. Президент экология мәселесін уақытша науқан емес, ұлттың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық ретінде бағалады.



«Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан» бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы» деді Президент. Бұл сөз «Таза Қазақстанның» мәнін айқындап қана қоймай, жобаның философиялық өзегін ашып береді. Яғни тазалық – әкімдікке жүктелетін міндет емес, әр азаматтың күнделікті жауапкершілігі. Мемлекет басшысының осы ұстанымы Астанада жүзеге асқан экологиялық бастамалардың қоғамдық қолдауға ие болуына, әсіресе, жастардың белсенді араласуына жол ашты. Осы тұрғыдан алғанда, 2025 жылы елордада жүзеге асқан республикалық «Таза Қазақстан» жобасы Астананың даму тарихындағы елеулі кезеңдердің бірі болды. Жоба бір жылдық сенбілік немесе науқандық шара емес, қаланың экологиялық болмысын түбегейлі жаңғыртуға бағытталған жүйелі бастама ретінде танылды.

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов 2025 жылдың қорытындысы бойынша жобаның нәтижелерін жариялай отырып, «Таза Қазақстан» елорданың тек сыртқы келбетін жақсартумен шектелмей, тұрғындардың экологиялық санасын қалыптастыруға ықпал еткенін де атап өтті. Расында, бастама қалалық басқару философиясына, тұрғындардың күнделікті әдетіне, билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынасқа жаңа мазмұн қосты.

### ЭКОЛОГИЯ – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Астана – жас қала. Бірақ жылдам дамыған сайын экологиялық салмақ та артты: тұрмыс қалдықтарының көбеюі, жасыл желек тапшылығы, су нысандарының ластануы, аула мен қоғамдық кеңістіктердің күтімсіз қалуы – мұның бәрі мегаполиске тән ортақ проблемалар. «Таза Қазақстан» жобасы осы түйткілдерді бір арнаға топтастырып, оларды жүйелі түрде шешуге бағытталды.


Биыл бас қалада 800-ден астам экологиялық іс-шара өтті. Бұл – сенбіліктер, тазалық акциялары, экологиялық форумдар, жастар мен еріктілердің бастамалары, кәсіпорындар мен білім беру ұйымдарының қатысуымен өткен кешенді шаралар. Ең бастысы, оған 627 мыңнан астам қала тұрғыны атсалысты. Яғни Астананың әрбір үшінші тұрғыны экологиялық бастаманың тікелей қатысушысына айналды.

Бұл көрсеткіш «Таза Қазақстанның» әкімдік бастамасынан қоғамдық қозғалыс деңгейіне көтерілгенін көрсетеді.

Экологиялық саясаттың тиімділігі көбіне нақты нәтижемен өлшенеді. Бұл тұрғыда 2025 жылғы көрсеткіштер жобаның қағаз жүзіндегі ұран емес, іске асқан нақты жұмыс екенін дәлелдейді.

Жыл ішінде елордадан шамамен 120 мың тонна қоқыс шығарылды. Бұл тек қоқысты жинау ғана емес, аула аумақтарын, саябақтар мен гүлзарларды, тарихи-мәдени нысандарды, жағалаулар мен қоғамдық кеңістіктерді кешенді тазалауды қамтыды. Қаланың негізгі санитарлық тазалық бағыттары бойынша 100 пайыз қамту қамтамасыз етілді.

2025 жылы Астанада рұқсатсыз қоқыс тастауға қарсы жүйелі жұмыс күшейді. Жыл басынан бері елордада 338 заңсыз қоқыс орны анықталып, толық жойылды. Барлық ауданда күн сайын мониторинг жүргізіліп, заңсыз қоқыс ошағы тазартылды. Сонымен қатар iKomek жүйесі арқылы құрылыс қалдықтарын заңсыз төгу деректері анықталып, рейдтер ұйымдастырылды. 11 айда рұқсатсыз қоқыс төккені үшін ондаған жүргізуші мен мыңдаған құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.



### АРНА ТАЗАЛАУ АСА МАҢЫЗДЫ

Елорданың экологиялық жағдайында су нысандары әрдайым өзекті мәселе болып келгені белгілі. 2025 жылы бұл бағытқа арнайы назар аударылды. Есіл өзені, Нұра-Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ каналдары, сондай-ақ Кіші Талдыкөл жүйесі биомелиорация технологияларын қолдану арқылы тазартылды. Нәтижесінде су айдындарынан 3 мың тоннадан астам қалдық шығарылды. Бұл – жай ғана санитарлық тазалау емес, экожүйені қалпына келтіруге бағытталған, ғылыми негізделген жұмыс. Биомелиорация арқылы судағы органикалық ластағыштар азайып, тірі ағзалардың табиғи тепе-теңдігіне жағдай жасалды. Су нысандарының тазалануы – қала микроклиматына және тұрғындардың демалыс сапасына тікелей әсер ететін фактор. Бұл тұрғыда «Таза Қазақстан» жобасы экологияны ұзақмерзімді стратегия деңгейіне көтерді.

### МИЛЛИОННАН АСТАМ КӨШЕТ

Астананың климаттық ерекшелігін ескерсек, жасыл желек – әсемдік үшін ғана емес, тіршілік үшін қажет экологиялық қорған. 2025 жылы елордада 1,1 миллионнан астам өсімдік отырғызылды. Оның ішінде ірі ағаштар мен көпжылдық бұталарға басымдық берілді. Бұған қоса, қалада 180-нен аса қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру жұмысы қауырт істелді. Бұл шешім кездейсоқ емес. Көпжылдық өсімдіктер топырақты бекітеді, шаңды ұстайды, желді тежейді және қаланың экожүйесін тұрақтандырады. Сонымен қатар жаңа парк, аллея, жағалау, даңғылдарды абаттандыру жұмысы жүргізілді. Жасыл аймақтардың көбеюі қала тұрғындарының өмір сапасын арттырып қана қоймай, Астананың сәулет бейнесіне де жаңа тыныс берді.

«Таза Қазақстан» жобасының маңызды жаңалығының бірі – арнайы чат-боттың іске қосылуы. Цифрлық құрал тұрғындарды экология мен абаттандыру мәселелеріне тікелей тартуға мүмкіндік берді.

Жоба басталғалы бері чат-ботқа шамамен 3600 өтініш түскен. Соның 89 пайызы орындалған. Бұл – билік пен тұрғындар арасындағы кері байланыстың нақты нәтижесі.

Чат-боттың артықшылығы – жеделдік пен ашықтық. Қала тұрғыны мәселені нақты уақыт режимінде хабарлап, оның шешілу барысын бақылай алады. Мұндай механизм азаматтардың «менің дауысым естіледі» деген сенімін күшейтеді және жеке жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады.

«Таза Қазақстанның» Астанаға берген ең үлкен олжасы – экологиялық мәдениеттің қалыптасуы. Қоқысты сұрыптау, қоғам мүлкін сақтау, табиғатқа ұқыпты қарау – мұның бәрі бір күнде орныатын әдет емес. Алайда биылғы жұмыс осы бағытта нақты ілгерілеу бар екенін көрсетті. Экология тақырыбы мектептер мен ЖОО-ларда, еңбек ұжымдарында, аула деңгейінде талқылана бастады. Еріктілер қозғалысы күшейді. Кәсіпкерлер мен құрылыс компаниялары абаттандыруға жауапкершілікпен қарай бастады.

Шаһарымызда жүзеге асқан «Таза Қазақстан» жобасының түпкі мәні – қаланы бір мезет тазалау емес, елордалық өмір салтын жаңғырту, ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Елордада атқарылған экологиялық, абаттандыру және қоғамдық қатысуға негізделген жұмыстар Қазақстанның болашағы таза кеңістіктен, тәртіпті ортадан басталатынын айқын көрсетті. Осы орайда Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде айтқан сөзі Астанадағы өзгерістердің идеологиялық өзегін дөп басады: «Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы – жарқын, жолы – ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбекқор болыңыздар. Сонда Қазақстанымыз да әділетті, таза, қауіпсіз және өркендеген озық ел болмақ» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл үндеу Астана үшін айрықша маңызға ие. Өйткені елорда – мемлекеттің бет-бейнесі, қоғамдағы тәртіп пен мәдениеттің айнасы. Биыл Астанада іске асқан «Таза Қазақстан» бастамасы Президент айтқан әділетті, таза және қауіпсіз қоғам құру идеясының нақты көрінісіне айналды. Ендеше елорданың тазалығы – елдің тағдырына деген жауапкершіліктің өлшемі. Астанада басталған бұл мәдениет әр үйден, әр ауладан, әр азаматтың ішкі ұстанымынан нәр алғанда ғана «Таза Қазақстан» ұраны шын мәніндегі ұлттық өмір салтына айналмақ.



Сұлтан СЕЙІТ






# ДЕПУТАТТАР МЕН ЖУРНАЛИСТЕР БАС ҚОСТЫ

Астана қалалық мәслихатының бір топ депутаттары «Elorda Aqparat» ЖШС-і жұмысымен танысу үшін серіктестік кеңсесіне арнайы келіп, журналистермен кездесу өткізді. Жиында өңірлік медианы дамыту және БАҚ қызметінің өзекті мәселелері мен алдағы ынтымақтастықтың перспективалары талқыланып, оларды мәслихат пен БАҚ өкілдері арасында тиімді байланыс құра отырып шешу бағытында ұсыныстар  айтылды.



**Райхан РАХМЕТОВА**

Бұған дейін Астана қалалық мәслихатында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту мәселелеріне арналған отырыс өтіп, жиын барысында депутаттар қалалық медиахолдингтің жұмысымен жақынырақ танысу мақсатында келесі басқосуды редакция қабырғасында өткізу туралы ұсыныс білдірген болатын. Аталған бастаманы жүзеге асыру аясында Астана қалалық мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бастаған бір топ депутат «Елорда Ақпарат» медиасеріктестігінің жұмысымен танысуға арнайы келді.

Депутаттар алдымен серіктестіктің материалдық-техникалық базасын, редакциялардың күнделікті жұмыс барысын көріп, сондай-ақ жаңадан жабдықталып, жасақталып жатқан мультимедиялық студияның мүмкіндіктерімен танысты.

Одан кейін медиасеріктестік ұжымымен ашық пікір алмасу форматында кездесу өткізіп, еркін әрі мазмұнды сұхбат құрды. Кездесу барысында газет шығарудағы өзекті мәселелер, медиа саласындағы заманауи трендтер, сондай-ақ контент өндірудегі жаңа заман талаптары жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар депутаттар серіктестік қызметін одан әрі жандандыруға қатысты ой-ұсыныстарын ортаға салып, өзара ынтымақтастықты нығайта отырып, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендігін жеткізді.

– Сіздердің шығармашылық жұмыстарыңыз қашан да мәслихатпен бірге, тығыз байланыста жүреді. Себебі қалалық мәслихатта Астананың барлық салалары бойынша өзекті деген мәселелер үнемі көтеріліп, соның шешімін табу жолдары қаралып отырады. Сол талқылау жиындары қалалық медиахолдингтің сайттары мен газеттерінде үнемі жарияланғанын көріп, қуанып қаламыз. Тұрғындар арасына барып қандай жұмыс атқарсақ та, бірге еріп жүріп, халық пен билік арасына берік көпір салып жүрсіз. Газеттер жылдар бойы елордадағы маңызды оқиғалар, өзгерістер мен жетістіктер туралы тұрақты түрде ақпарат таратып келеді. Журналистердің жауапкершілігі, объективтілігі және қала тұрғындарының мүддесіне деген ұқыпты көзқарасы арқасында тұрғындар күн сайын сенімді әрі өзекті ақпарат алып, қалалық қоғамдық өмірге белсенді түрде қатысып отыр. Елорда мәслихатының депутаттары сіздердің жұмысыңызға дән риза және барша БАҚ өкілдерінің еңбегіне үлкен құрметпен қарайды. Алдағы жылы да осындай ауызбірлікпен бірлескен жұмыстар жалғаса береді деп сенемін, – деді Астана қалалық мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Қазіргі таңда аталған серіктестікте 70 қызметкер еңбек етеді.

Оның ішінде 45 адам (64,2%) шығармашылық құрам, 16 адам (22,9%) – техникалық бөлім, 9 адам (12,9%) – әкімшілік басқару персоналы. Ұжым құрамына «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттері мен «Elorda Info» желілік басылымының редакциясы қарайды.

– Кездесу барысында Президент тапсырмалары аясында атқарылып жатқан ақпараттық жұмыстарға да ерекше тоқталдық. «Жұмыс-шы мамандықтар жылы» аясында жыл басынан бері осы газеттер мен сайттарда 2 061 мақала жарияланыпты. «Таза Қазақстан» жобасы бойынша 1 685 мақала, «Заң және тәртіп» қағидаты аясында 1 293 мақала жарық көрген екен. Соны баяндай келе ұжым қызметкерлері сұрақтары мен ұсыныстарын ортаға салып, бізбен әрдайым кері байланыста екенін жеткізді. Қоғамға қажетті әрі өзекті ақпаратты біздің әлеуметтік желілердегі парақшаларымыз арқылы тұрақты түрде ұсынып отырғанын атап өтті. Депутат әріптестерімізбен бірге БАҚ саласы мамандарының қажырлы еңбегін жоғары бағалап, атқарып жатқан жұмыстарына ризашылығымызды білдіреміз, – деді Астана қалалық мәслихатының депутаты Мадина Әжікенова.

Жиында соңғы жылдары қоғамда жиі талқыланатын «Қазіргі таңда мерзімді баспасөз, яғни газет керек пе? Оның орнын басқа жылдам ақпарат таратын медиа түрлері алмастырып кетпеді ме?» деген сұрақ төңірегінде журналистер мен депутаттар жан-жақты ой-пікірлерін ортаға салды. Ашық әңгіме құрып, ұжымның сұрақтарына жауап берген депутаттар арасында қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек өз тарапынан оқырмандар санын көбейту, өзін-өзі қаржыландыру, табыс табу және т.б. бойынша 4 ұсыныс айтты. Отырыста депутаттар журналистердің еңбегі жоғары бағалауға лайық екенін және депутаттық корпус пен редакциялар арасындағы өзара қолдау мен тиімді әріптестіктің маңыздылығын ерекше атап өтті. Кездесу соңында «Elorda Aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек депутаттарға биыл жыл басынан бері «Астана ақшамы» газетінде қалалық мәслихаттың жұмысы туралы жарық көрген мақалалар жинтығы суреттерімен шығарылған «Астана қаласы мәслихаты» атты кітапты сыйға тартты.



# РУШЫЛДЫҚ ТЕНДЕНЦИЯ – ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС

> Президент Қасым-Жомарт Тоқаев біз үшін «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп дәл айтты. Ата-бабамыздың қайтпас қайсарлығы мен қажымас күресінің нәтижесінде келген Тәуелсіздікті сақтап тұру үшін бізге бірлік, тұтастық, ынтымақ қажет! Алайда соңғы кездері қоғамда бірлік пен тұтастықты нығайтудан гөрі, халықты жікке бөлуге бейім үдеріс күшейіп келеді.

Жекелеген контент өндірушілер мен кәсіпкерлер рулық сананы жалаулатып, күнделікті тұтынатын футболка мен шапандарға ру атауын жазып, оларды «бренд» немесе «маркетингтік өнім» ретінде сатылымға шығаруда. Әлеуметтік желілерде жастарға рушылдық психологияны таңатын контент шектен шығып кетті. Бұл ұлттың бірлігін ішінен құртатын қауіпті тенденция киноға да жетті. Осындай келіссіз, қажетсіз тақырыпты арқау еткен арнайы фильм прокатқа шығыпты. Бұл арқылы кино түсірушілердің не айтпақ болғаны түсініксіз?! Қазақтың руларын салыстыратын, кемсітетін фильмдердің мақсаты қандай? Тіпті бұл фильмді жарнамалау үшін жасалған арнайы экспозицияда руға бөлінуді қойып, Қазақстанның картасын үш жүзге бөліп қойғанды көрдік. Бұл не деген бассыздық?

Ол – ұлт үшін ең сезімтал тақырыпты айқайлатып әлеуметтік контент, кино тақырыбына айналдырып, көрермен жинау. Түбі бұл жақсылыққа әкелмейді. Творчестволық бостандық қажет. Бірақ творчестволық бостандық мына алай-дүлей заманда, ұлттың бірлігін бұзып, мемлекеттіліктің тамырын қиюға қабілетті деңгейге шықпауы тиіс. Жасөспірімдер үшін кино және медиаконтенттің тәрбиелік ықпалы жоғары екенін ескерсек, бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды.  Данышпан Абай «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп бекер айтпаған. Рушылдық тенденция қоғам ішінде мемлекеттік ойлау қабілетін коррозияға ұшыратып, мемлекеттілікті шашыратуға әкелетін – қауіпті құбылыс.

Ғалам мәңгі болса, сонша мәңгі болатын Қазақстанды құрамыз десек, ұлт ішінде артықшылығымызды кемшілік деп көрсететін, бір ұлт ішіндегі руларды бір-біріне айдап салатын, арандатушылық материалдарға тыйым салынуы керек. Осыған байланысты мынадай іс-шараларды қабылдау орынды деп санаймын.

1. Ақпарат және мәдениет министрлігі жанынан кинопрокатқа шығатын отандық фильмдердің мазмұнын алдын ала көркемдік-эстетикалық, идеологиялық, ұлттық бірлік тұрғысынан сараптайтын тұрақты комиссия құруды түрде іске асыру қажет.

2. «Ұлттық код» және «мәдени ерекшелік» ұғымын желеу етіп, қоғамды бөлшектеуге, рушылдық пен жікшілдікті насихаттайтын әрекеттерге нақты тосқауыл қою керек.

3. Мәдени салада, әлеуметтік желіде, Қазақстанның барлық халықтарының бірлігін көрсететін, жалпыұлттық «Біз Қазақпыз» деген мағынадағы контентті көбейтуге кірісуге тиіспіз.

Осы ретте, Президентіміз өз Халқына Жолдауында: «Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет» деп мемлекетіміздің мызғымас саясатын анықтады.

**Ерлан САИРОВ,**
**Мәжіліс депутаты**

№150 (4894) 20/12/2025 Сенбі

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨРКЕЙДІ

Бас қаланың Алматы ауданында 2025 жылы абаттандыру, жол жөндеу, көгалдандыру және жарықтандыру бағытында кешенді жұмыс жүргізіліп, тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға басымдық берілді.



231 мыңға жуық тұрғыны бар аудан аумағында бір жыл ішінде 122 аула абаттандырылып, қоғамдық кеңістіктер жаңартылып, көше-жол инфрақұрылымы айтарлықтай жақсарды. Аумағы 8518 гектарды құрайтын аудан инфрақұрылым мен қоғамдық кеңістіктерге түсетін жоғары жүктемені жүйелі түрде еңсеруде.

Алматы ауданында 324 аула бар. Оның 200-ден астамы жөндеуді қажет етеді. Биыл 122 аула толық абаттандырылды. Жұмыс бірнеше бағытта, оның ішінде 71 аулада жоспарлы түрде және 51 аулада тұрғындардың тікелей өтініші бойынша жүргізілді.

Аула аумақтарында балалар ойын алаңдары, демалыс аймақтары, кіші сәулет нысандары, жаяу жүргінші жолдары қалпына келтіріліп, кей жерлерде толық жаңартылды. Бұл өзгерістер тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер етті.

Ауданда орналасқан 5 саябақ пен 45 сквер және қоғамдық кеңістік те толық қамтылды. Ағаштарды санитарлық қалыпқа келтіру; тротуарлар мен төсемтастарды жаңарту; орындықтар мен кіші сәулет нысандарын жөндеу; жарықтандыру тіректері мен шамдарды қалпына келтіру жүзеге асырылды.

Алматы ауданы баспасөз қызметінің мәліметінше, биыл тұрғындар жиі пайдаланатын 15 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Осылайша Оңтүстік-шығыс және Теміржолшылар тұрғын алаптары; Есіл өзенінің жағалауы; Триатлон паркі; «Күйшілер» аллеясы; мектептер мен әлеуметтік нысандар маңы жаңа түрге енді. Аталған кеңістіктердің үшеуі жеке бизнес қаражаты есебінен жаңартылды. Бұл – мемлекеттік және жеке сектор арасындағы тиімді әріптестіктің айқын көрінісі.

Триатлон паркінің көпір астындағы қоғамдық кеңістікке ерекше көңіл бөлінді. Мұнда ашық аспан астында спортпен шұғылдануға жағдай жасалып, фитнес-клуб деңгейіндегі заманауи тренажерлер орнатылды. Жабдықтардың бір бөлігі жеке инвесторлар есебінен сатып алынды.

74 көшеде шұңқыр жөнделді, 42 ішкі квартал аумағы ретке келтірілді, бұрын топырақ болған 4 көше асфальтталды. Жалпы жөндеу аумағы 14,7 мың шаршы метрді құрады. Сонымен қатар 19 учаскеде жаңа тротуар салынды, Майдақоңыр мен Балқантау көшелерінде 2,5 шақырым жаяу жүргінші жолы пайда болды.

Биыл Алматы ауданының аумағында 11394 ағаш отырғызылды. Жарықтандыру бойынша 6031 жарықтандыру тірегі орнатылды. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен





салыстырғанда 5 есе жоғары. Бұрын жарықтандырылмаған 15 шақырым аумақ қамтылды.

Ауданда 21 мердігер ұйым жұмыс істеп, 500-ден астам техника тартылды. 51 контейнер алаңы жөнделіп, қысқы маусымға дайындық 100% қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, мердігерлер бүлдірілген абаттандыру элементтерін көктемде өз есебінен қалпына келтіруге міндеттелді.

Алматы ауданында 2025 жылы жүргізілген жұмыстар қала кеңістігін кезең-кезеңімен жаңартуға бағытталған жүйелі саясаттың нақты нәтижесін көрсетті. Аулалар, саябақтар, көшелер, жарық пен жасыл желек – барлығы тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.

Жалпы биыл Астанада 170 аула мен қоғамдық кеңістік – саябақтар, гүлзарлар мен желекжолдар абаттандырылды. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданын, оның ішінде тұрғын алаптарды да қамтыды.

# ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ

Астананың Байқоңыр ауданында 2025 жылы абаттандыру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Басым бағыттардың бірі аумақты кешенді көгалдандыру болды. Жыл басынан бері Байқоңыр ауданында 8 мыңнан астам ағаш отырғызылып, 15,5 мың гүлзар абаттандырылды. Сонымен қатар 10700 сәндік-бұталы өсімдік пен 2200 метрден астам аумақ өсімдікпен қоршалды.



Компенсациялық отырғызу аясында 6 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Жасыл желектерді тұрақты күтіп-баптау үшін ауданның 6 аумағында жалпы ұзындығы 14600 метр суару жүйесі тартылды.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында 95 гектар аумақта қамыс шабылды. Ауданда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы белсенді қолдау тапты. Атап айтқанда, Ж.Тәшенев көшесінің бойында тұрғындар мен коммуналдық қызмет өкілдерінің қатысуымен ағаш отырғызылып, 100 қарағай мен 30 қайың егілді. Жыл басынан бері ауданда 22 аула кешенді түрде абаттандырылды. Қосымша 116 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Аулаларда асфальтталған аумақтың жалпы көлемі 52 мың шаршы метрді құрады, ал төсемтастар 10 мың шаршы метрден астам аумаққа төселді.

Тұрғындар үшін жаңа қоғамдық кеңістіктер ашуға да ерекше көңіл бөлінді. Жыл ішінде Байқоңыр ауданында 7 жаңа сквер мен демалыс аймағы ашылды. Осы жобалар аясында 13 мың шаршы метр асфальт, 31 мың шаршы метр төсемтас төселіп, шамамен 100 дана сәндік құрылыс қойылды. Мәселен, Астана күні қарсаңында бұрын бос жатқан аумақта ауданы 7 мың шаршы метрден асатын жаңа сквер пайдалануға берілді. Жаңартылған аумақта жасыл желек, жаяу жүргіншілер жолдары мен автотұрақ қарастырылды.

Астана күні қарсаңында және Жұмысшы мамандықтары жылы аясында Абай даңғылы бойында – А.Жұбанов көшесінен А.Пушкин көшесіне дейін «Коммуналдық қызметкерлер» сквері ашылды. Аумағы 1,8 гектарды құрайтын демалыс орнында балалар мен спорт алаңы салынды, 33 парк шамы, воркаут аймағы, жаттығу құрылғылары, шағын сәулет нысандары мен сәндік құрылыстар жасалды. Конституцияның 30 жылдығына орай Ғұмар Қараш көшесі бойында ауданы 1700 шаршы метр абаттандырылған аллея ашылып, тұрғындар үшін жаңа серуен аймағына айналды.



2025 жылы Байқоңыр ауданында бейнебақылау жүйесін дамыту жұмысы қарқынды жүргізілді. Қоғамдық қауіпсіздікті арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жыл соңына дейін ауданның 417 мекенжайында 1668 бейнебақылау камерасын орнату жоспарланып отыр.



# КӨК ЖЕЛЕГІ КӨБЕЙДІ

Биыл Астанада 170 аула мен қоғамдық кеңістік – саябақтар, гүлзарлар мен желекжолдар абаттандырылды. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданын, оның ішінде тұрғын алаптарды да қамтыды. Соның ішінде елорданың Есіл ауданында 2025 жылдың басынан бері көгалдандыру, абаттандыру және көше-жол инфрақұрылымын дамыту бағытында ауқымды жұмыс атқарылды. Биыл Есіл ауданындағы 6 негізгі аумақта 25 мың шаршы метрден астам төсем тас төселіп, шамамен 2,5 мың шаршы метр асфальт жабыны жаңартылды.



Жыл басынан бері ауданда 65 аула абаттандырылды. Оның 53-інде жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілсе, 12 аулада кешенді абаттандыру жобалары іске асырылды. Соның 6-уы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүзеге асып, тұрғындардың өз ауласын жақсартуға тікелей қатысуына мүмкіндік берді. 2025 жылы аталған жоба аясында Есіл ауданында 6 аула жеңімпаз деп танылды.

«Жұмыс Достық, Қазақ радиосы, Сауран, Керей-Жәнібек хандар көшелерін, сондай-ақ Түркістан көшесі бойындағы EXPO аймағын және Мәңгілік ел, Қабанбай батыр, әл-Фараби мен Ұлы дала даңғылдарын байланыстыратын учаскелерді қамтыды. Бұл өзгерістер жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысының қолжетімділігін арттырып, қоғамдық кеңістіктердің көркін арттырды» деді Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі Құралай Слямбекова.

Көгалдандыру жұмысына келсек, биыл ауданда 202 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Оның ішінде шамамен 15 мың ағаш, 170 мыңнан астам бұта және 18 мыңға жуық метр шынайы қоршау ағаш бар. Отырғызылған көшеттердің жартысынан астамы EXPO аумағы, Ботаникалық бақ, желекжолдар мен Қабанбай батыр даңғылы сияқты ірі қоғамдық кеңістіктерді кешенді көгалдандыру аясында жүзеге асырылды. Мәселен, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Infinity 1» тұрғын үй кешенінің аумағына 100 ағаш отырғызылды. Олардың қатарында қайың, алма және шетен ағаштары бар.

Ботаникалық бақ аумағында тазалық пен тәртіпті сақтау мақсатында ауданның коммуналдық қызметтері демалыс аймақтарын, көгалдарды, жаяу жүргінші, велосипед және жүгіру жолдарын тұрақты түрде тазалап отырады. Жасыл желектерге күтім табиғи жағдайлар мен өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Соның нәтижесінде Ботаникалық бақ жыл мезгіліне қарамастан қала тұрғындары үшін жайлы демалыс орны болып қала береді.

«Қосымша 15 көшенің бойында, сондай-ақ Есіл саябағы, Корей сквері және «Нұржол» бульвары сынды саябақтар мен скверлерде кешенді отырғызу жұмысы жүргізілді. Мұндай жүйелі тәсіл Есіл ауданын елордадағы ең көгалды аудандардың бірі ретінде сақтап қана қоймай, қала экологиясын және қалалық ортаның көркем келбетін кезең-кезеңімен жақсартуға мүмкіндік береді» деп атап өтті Құралай Слямбекова.

# АУҚЫМДЫ АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ

Ауданға қарасты Орталық саябақ жаңартудың негізгі нысанына айналды. Негізгі аллея толығымен қалпына келіп, тіреу қабырғалары жаңарды, жаңа төсеніштер төселді. Кеңістік жасыл кеңістіктермен толықты: ағаштар мен гүлді көпжылдық бұталар отырғызылды. Жарықтандыру жүйесі толығымен заманауи жүйеге ауыстырылды, ал сәндік жарықтандыру кешке жайлы атмосфера сыйлайды. Саябақтың табиғи келбеті сақталып қалды әрі заманауи және серуендеуге де ыңғайлы.

Бас қаланың Нұра ауданы біртіндеп заманауи қалалық кеңістіктің үлгісіне айналуда. Мұнда өмір сүруге, демалуға және серуендеуге қолайлы жағдай жасалып келеді. Биыл абаттандыру жұмысы ерекше ауқымды болды, тұрғындар көшелерде, саябақтар мен аулаларда айтарлықтай өзгерістерді сезінуде.






Спорт инфрақұрылымы бойынша да осындай маңызды өзгерістер болды. Саябақтың негізгі спорт алаңына жаңа тартан жабыны төселді, ескі тренажерлер жөнделді, сонымен қатар жаңа элементтер орнатылды. Оған жақын жерде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған инклюзивті алаң пайда болды. Ол ойын, спорт және білім беру аймақтарын біріктіреді, барлығына тең жағдай жасайды және қолжетімді қалалық орта мәдениетін қалыптастырады.

Мұндағы ең ірі жобалардың бірі – Greenline аллеясы. Оның ұзындығы – 4 шақырымға жуық, ауданы – 18 гектар. Мұнда мыңдаған ағаштар мен ондаған көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Аталған аллеямен қиылысатын Әйтеке би көшесіндегі аллея да толығымен жаңартылды, яғни жаңа жабын төселді, мыңнан астам ағаш отырғызылды, заманауи жарықтандыру жұмысы жүргізілді. Бұл орындар қала тұрғындары мен қонақтары үшін көпке белгілі демалыс орындарына айналды.

2025 жылғы 11 қазанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұра ауданындағы Greenline бульварында болды. Мұнда абаттандыру жұмысының бірінші кезеңі бұған дейін аяқталған. Президентке жобаның қазіргі жағдайы, оның ішінде жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдары, сәулет элементтері мен жасанды су айдындары туралы ақпарат ұсынылды, сондай-ақ қалалық инфрақұрылымды одан әрі дамыту жоспары туралы айтылды. Әрине, 4 шақырымдық Greenline аллеясы – қаланың жаңа жаяу жүргіншілер артериясы. Ұзартылған жасыл бульварларды ашу – бүкіл әлемде бар үрдіс. Мұндай магистралдар аудандарды біріктіреді, тұрғындар үшін жайлы кеңістік жасайды және қаланың келбетін қалыптастырады. Осындай артерияларды Андраши даңғылы қалалық саябаққа апаратын Будапештте немесе Гранд Бульвар Тарихи блоктар арқылы өтетін Бостонда табуға болады. Барселонада әйгілі Пасео-де-Грасия 1,5 шақырымға созылып, архитектура шедеврлері мен келбетті дүкендерді біріктірді. Астанадағы жаңа бульвар заманауи қазақстандық екпінді қоса отырып, осы маңызды кеңістіктермен қатар тұр. Абаттандыру жұмысы тұрғын үй кешендерінің жанында да белсенді жүргізілуде. Жанында Самұрық мұнаралары, Хайвил паркі және Інжу қаласы деген жаңа қоғамдық кеңістіктер пайда болды. Қазір жұмыс «Мадрид», «Копенгаген» және «Алтын шар» тұрғын үй кешендерінде жалғасуда. Негізгі мақсат – әрбір тұрғын бос уақытын таза ауада өткізе алатындай үйлерден жаяу қашықтықта жайлы демалыс аймақтарын құру.

Үркер тұрғын алабы да назардан тыс қалған жоқ. Мұнда бірден 3 сквер, соның ішінде Айғыржал, №69 мектеп-гимназияның аумағы және дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жанындағы аймақ жаңартылды. Алаңдарда жаңа ойын элементтері, спорт алаңдары пайда болып, тартан жабыны төселді. Екінші жағынан Рабиға Есімжанова көшесінде 7 гектар жаңа алаң ашылды. Бұрын бос тұрған аймақ серуендеуге және тыныштықта демалуға ыңғайлы және жасыл кеңістікке айналды. Аула аумақтары абаттандырудың ажырамас бөлігі болып қала береді. Биыл 19 аула жаңартылды, оның ішінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 10 аула бар. Үркердегі Астана кешенінде 4 аула да ретке келтірілген. Барлық жоба ыңғайлы және функционалды кеңістік құру үшін тұрғындардың пікірін ескере отырып жүзеге асады. Ауданды көгалдандыру басымдықтардың біріне айналды. Биыл 7 мыңнан астам ағаш пен 85 мыңға жуық бұта отырғызылды. Бұл іс-шаралар Нұра ауданын жасыл, экологиялық таза және өмір сүруге қолайлы етеді. Барлық абаттандыру жұмысы жалғасуда және олардың басты мақсаты – көшелерде, саябақтар мен аулаларда әркім жайлылық пен қауіпсіздікті сезіне алатын заманауи қалалық ортаны қалыптастыру.

**№150** (4894) 20/12/2025 Сенбі



# ЖАТАҚХАНА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Астанада жалпы сыйымдылығы 1544 орынға арналған 6 жаңа студенттер жатақханасы салынып, қолданысқа енгізілді. Бұл әсіресе басқа өңірлерден келген және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы жастардың жағдайын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді.

Жайлы, тұрмысқа қажетті барлық жағдаймен жабдықталған ғимараттарда оқу мен бос уақытты тиімді өткізуге арналған ортақ орындар қарастырылған. Биыл пайдалануға берілген жатақханалардың бірінде ерекше қажеттіліктері бар студенттерге арналған арнайы блок көзделген.

Қалада студенттерге жатақхана салу мәселесімен айналысатын арнайы фронт-офис жұмыс істейді. Онда жеке кәсіпкерлер мен жеке компаниялардан құралған инвесторларға жобаларды іске асырудың барлық кезеңінде қолдау көрсетіледі. Фронт-офис мамандары 100-ден астам инвесторға кеңес беріп, шамамен 50 инвестициялық келісімшарт жасасқан. Жалпы 2023 жылдан бері Астанада 7388 орынға арналған 20 жатақхана салынды.

Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың баспасөз қызметі хабарлағанындай, бұл студенттердің тұрғын үй тапшылығы мәселесін шешуге елеулі үлес қосты. Мұндай жобалар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асады. Тұру ақысы жеке кәсіпкерлер мен жоғары оқу орындары арасында тікелей келісіледі. Ал мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында кәсіпкерлер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамы арқылы университеттермен жасалған келісім негізінде субсидия алады. Бұл студенттер үшін қолжетімді бағаны сақтауға мүмкіндік береді.

Жатақханалардағы орындар ең алдымен көпбалалы және әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге беріледі. Бұл тәсіл жастарды әлеуметтік қолдауға және білім алуда тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Олар бұрын салынған нысандардан жайлылық деңгейімен ерекшеленеді. Мұнда оқу аймақтары мен коворкинг кеңістіктері, ас дайындауға арналған орындар бар, жоғары жылдамдықты интернет қолжетімді, заманауи қауіпсіздік жүйелері енгізілген.

«Жаңа орынның жайлылығы бірден сезіледі. Жатақхана университетке жақын орналасқан, барлық жағдай студенттер үшін жасалғаны көрініп тұр. Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың да еш кедергісіз қозғалуына мүмкіндік қарастырылғаны қуантады. Арнайы лифттер, ыңғайлы жұмыс үстелдері және қажетті базалық жабдықтардың барлығы бар» деді Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті Арайлым Шандоз.

Аталған университеттің студенті Серік Қалдан да жағдайының жақсарғанын атап өтті.

«Мұнда заманауи орта қалыптасқан, бөлмелер жылы әрі жарық. Интернет тұрақты жұмыс істейді, оқу үшін қажетті инфрақұрылым толық қолжетімді. Мұндай жағдай білімге көңіл бөлуге, өз-өзін дамытуға, сабаққа сапалы дайындалуға және оқу жобаларымен нәтижелі айналысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жатақхана – студенттік өмірдің белсенді ортасы. Мұнда пікірлес адамдарды табу, бірлескен жобаларға, мәдени және білім беру іс-шараларына қатысу оңай» деді ол.

Жаңа жатақханалардың іске қосылуы өзге өңірлерден және шетелден келген студенттерге арналған орын тапшылығын айтарлықтай азайтты. Соңғы 3 жылда Астанада 7 мыңнан астам жаңа орын пайдалануға берілді. Қазіргі таңда қаладағы жалпы тапшылық шамамен 10 мың орынды құрайды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда. Қазіргі оқу жылында тағы бір жатақхананың құрылысы аяқталуға жақын. Келесі маусымда ол нысанға Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттері қоныстанады деп жоспарланып отыр.

# КӨРІНБЕЙТІН ТОЛҚЫН, СЕЗІЛЕТІН ӘСЕР

«Радиотолқындардың адам ағзасына әсері» тақырыбымен елордада ашық форматта дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, ғылыми қауымдастық, халықаралық ұйымдар, байланыс операторлары, өңірлік құрылымдардың өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – азаматтарға радиотолқындар мен заманауи телекоммуникация технологияларының адам денсаулығына ықпалы туралы ашық әрі түсінікті ақпарат беру, сондай-ақ бұл мәселені ғылыми деректерге, сараптама бағасына және қолданыстағы санитарлық нормаларға сүйене отырып талқылау.

Бүгінгі таңда байланыс пен цифрлық технологиялар қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ұялы байланыс, интернет, 4G және 5G желілерінің дамуы өнеркәсіп, білім беру, қашықтан медицина қызметін көрсету, «ақылды қала» жобалары сияқты көптеген салаға жаңа мүмкіндік ашып отыр. Сонымен қатар жаңа технологиялардың адам денсаулығына әсері жөніндегі сұрақтардың жиі көтерілуіне себеп болуда.

ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің өкілдері цифрлық трансформация, азаматтар мен бизнес үшін қашықтан көрсетілетін қызметтердің артуы телекоммуникация инфрақұрылымына қосымша жүктеме түсіретінін атап өтті.

«Базалық станция мен абонент құрылғысы арасындағы қашықтық сәулелену деңгейіне тікелей әсер ететін фактор: смартфон базалық станциядан алыстаған сайын өз қуатын арттыруға мәжбүр. Ал базалық станциялардың жиі орналасуы, керісінше, абонент құрылғыларының сәулелену деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді» деді ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің төрағасы Дамир Сейсембеков.

Дөңгелек үстелде радиофобия мәселесі де көтерілді. Сарапшылар бұл құбылыс мобильді байланысты дамытуға кедергі келтіріп отырғанын атап өтті. GSM стандартындағы базалық станциялар тұрғын аймақтармен ұзақ жылдар бойы қатар орналасып келгеніне және денсаулыққа байланысты жаппай теріс әсерлер тіркелмегеніне қарамастан, кей өңірлерде радиофобия салдарынан базалық станцияларды алып тастау жағдайлары әлі де кездеседі. Мұндай шешімдер байланыс сапасының төмендеуіне алып келетіні айтылды.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары Қазақстанда электромагниттік сәулеленуге қатысты қатаң санитарлық нормалар қолданылатынын еске салды. Атап айтқанда, радиосигналдың рұқсат етілген шекті деңгейі 10 мкВт/см² болып белгіленген. Сонымен қатар Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі және Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп, ғылыми және медициналық зерттеулерге кешенді метаанализ жүргізуді көздейтін жол картасын іске асыруда.

Халықаралық тәжірибе аясында электромагнит өрістерінің әсерін реттеу мәселелері Халықаралық электр байланысы одағының өкілдері тарапынан таныстырылды. Спикерлер Қазақстанда қолданылатын нормалардың халықаралық стандарттарға сай келетінін айтты.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша қатысушылар қоғаммен ашық диалогты жалғастырудың, түсіндіру жұмысын күшейтудің және бұқаралық ақпарат құралдарының объективті әрі теңгерімді қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлінің маңызын атап өтті.



# ЕСІРТКІ МЕН АИТВ: ДЕНСАУЛЫҚҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

Халықтың ең бір белсенді бөлігі – жастар. Осы кезде олардың мінез-құлқы, саяси және қаржылық сауаттылығы қалыптасады. Жастар, әдетте, эмоционалды, әлеуметтік жағынан өте мобильді келеді. Сондықтан олар нашақорлық пен АИТВ үшін қауіпті топ саналады.

Нашақорлық – есірткіні қолданудан туындайтын ең ауыр ауру, ессіздікті, жанның ұйқышылдығына деген құштарлықты білдіреді. АИТВ-ға қатысты қолайсыз жағдайды тудыратын себептердің қатарына әлеуметтік проблемалар, сананың төмен деңгейі, жыныстық жолмен берілетін аурулар туралы білімнің болмауы, аурудың жеке қаупі мен салдарын түсінбеу жатады.

Есірткі тұтынушыны қандай белгілер анықтайды? Бұл, ең алдымен, есірткіге елеулі тартымдылық, күнделікті тұтынылатын дозаның ұлғаюы, есірткіге физикалық және психикалық тәуелділік. Есірткіге тәуелділік 2-3 ай қолданғаннан кейін жүзеге асты деп санауға болады, көбінесе адам алғашқы инъекциясынан кейін тәуелді болады. Героин сияқты есірткіні қолданудың басынан бастап адам 7-8 жыл өмір сүретіні байқалуда.

Есірткіге, оның ішінде жастарға физикалық және психикалық тәуелділік дегеніміз не? Біріншісі есірткінің ағзадағы терең биохимия процестеріне араласуымен анықталады, бұл препараттың тұрақты бөлігін қажет етеді. Әр 10-12 сағат сайын есірткі тұтынушы өзінің дозасын тұтынуға деген ұмтылысты сезінеді. Егер бұл болмаса, онда адам азап шегеді. Ол көзден жас ағу, есіну, түшкіру, содан кейін қалтырау, тершеңдік, жүрек айну, бұлшықеттер мен буындардың ауырсынуын сезінеді. Психикалық тәуелділік – бұл аурудың одан да ауыр көрінісі. Есірткіні тұтынушы есірткіге деген «сүйіспеншілік» сезімін сезінеді: ол өзінің тілектерінің сылтауы туралы ойлайды, онымен «кездесуді» күтеді, егер ол орын алса қуанады, егер ол кешіксе аңсайды, есірткіге жақын болу үшін бәрін жасауға дайын.

Есірткі тұтынушыларда гендерлік қатынастар қалай қалыптасады және есірткіге тәуелді адамның жеке басында қандай өзгерістер болады? Шынында, есірткіні қолданушыларға отбасын құру қиынға соғады және олар ашуланшақ, әдепсіз болғандықтан ғана емес. Әдетте, олар ерте импотенция түрінде жыныстық функциядан зардап шегеді, бұл көбінесе олардың жыныстық бұрмалануын тудырады. Адамның есірткі тұтынушысының жеке басына жалпы өзгерістерге ұшырайды: жасыра бастайды, қызығушылықтар шеңбері тарылады, сөйлеу құрылымы өзгереді, түсініксіз нақты терминдер, өзімшілдік, жалған сөйлеу пайда болады. Осылайша, 20 жастағы жасөспірімде ақыл-ойы, психологиялық жетілу баяулайды.

Есірткі тұтынушылар арасында, соның ішінде жастар арасында қандай препараттар қолданылады? Экстази (MDMA), мефедрон (меф), синтетикалық катинондар және басқалары сияқты синтетикалық препараттар жастар арасында танымал. Олар, әдетте, таблетка немесе ұнтақ түрінде сатылады және эйфорияны, сананың өзгеруін және энергияның жоғарылауын тудыруы мүмкін, сонымен қатар көктамыр ішіне қолданылады. Есірткіні инъекциялық қолдану – есірткі тұтынушылардың ортасында және халықтың басқа да осал топтарында АИТВ-инфекциясының қоздырғышы.

АИТВ-инфекциясы қалай жұғады? Алдын алу шаралары туралы не белгілі? АИТВ-инфекциясы тек адамнан адамға үш жолмен ғана беріледі: қан арқылы, қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы, жұқтырған анадан балаға – жатырда, босану не емізу кезінде. Скальпель, ине, тіс дәрігерінің құралдары арқылы, сондай-ақ татуировка жасау кезінде инфекция жұқтыру мүмкін. АИТВ-ның жыныстық жолмен берілуі презервативті қолданбай байланыста болған, көптеген жылдар бойы АИТВ-инфекциясы, негізінен, есірткі тұтынушылар арасында тіркелді, қазір инъекциялық жолмен жұқтыруы төмендеді, өйткені синтетикалық есірткіні қолдану басым, бұл адамдар презервативтерді қолданбай жыныстық қатынасқа түсіп, вирусты жұқтырады. Бұл қауіп тобында гонорея, мерез, хламидиоз сияқты инфекциялар жиі кездеседі.

Қала емханаларында АИТВ-инфекциясы мен ЖЖБИ алдын алумен айналысатын жастарға арналған кабинеттер (жастар денсаулық орталықтары) жұмыс істейді. Мүдделі тұлғалар есірткіге тәуелділікті, жыныстық инфекцияларды тегін емдеу, АИТВ-ға анонимді тексеру, қауіпсіз мінез-құлық бойынша кеңес пен көмек ала алады. Жақсы хабардар және рухани жетілген адам мұндай проблемаларға қарсы тұра алады. АИТВ-инфекциясының таралуына қарсы оқушылар арасында алдын алу шаралары туралы хабардар ету, отбасы құндылықтарын насихаттау, жыныстық гигиенаны үйрететін курстар өткізу жатады. АИТВ-инфекциясы туралы барлық сұрақтар бойынша сенім телефонына хабарласуға болады: 38-04-64, 38-07-02, барлық ақпарат ресми сайтта қолжетімді: kazaids.kz

**Б.ҚҰЛТАНОВА,**
**АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы эпидемиология бөлімінің меңгерушісі**

Мемлекеттік қызмет – қоғам дамуының негізгі тіректерінің бірі. Қандай да бір реформа немесе стратегиялық бастама жүзеге асқанда, оның табысты болуы ең алдымен, мемлекеттік аппараттың сапасына байланысты. Сол себепті соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту кешенді түрде жүргізіліп келеді. Қызмет көрсету сапасын арттыру, ашықтықты күшейту, бюрократияны азайту, шешім қабылдауды жеделдету және кадрлық мәдениетті өзгерту – реформаның негізгі бағыттары. Реформа нәтижесінде қандай жаңа стандарттар қалыптасты? Бұл өзгерістердің қоғамға әсері қандай? Саладағы осы және өзге де жұмыстардың барысы туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғардан сұрап білдік.



Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

# БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА ДӘУІР

**– Ербол Қабдығалиұлы, соңғы жылдары мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесі түбегейлі өзгерді. Осы реформаның негізгі мақсаты қандай?**

– Иә, өзгерістер ауқымды болды. Басты мақсат – әділ және ашық жолмен мемлекеттік аппаратқа кәсіби, заманауи ойлайтын, білікті мамандарды тарту.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесін жетілдіру мақсатында кадрларды ашық және әділ конкурстық іріктеу, жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін жаңа бағдарламаларды енгізу, мемлекеттік қызметке қабылдау үдерісін цифрландыру сияқты жаңашылдықтар орын алды.

Жаңа форматтың басты ерекшелігі – сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған нақты тетіктердің енгізілуі, адами фактор шектеле отырып, анонимділікті қамтамасыз ету үшін әрбір жеке тұлғаға ID нөмірлерінің берілуі арқылы конкурстың шынайы әрі әділ өтуінде.

Қалыптасқан жағдайға жауап ретінде «e-Qyzmet» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің сыртқы порталы арқылы процесті цифрландыру іріктеуге қашықтықтан қатысуға мүмкіндік бере отырып, адами факторды барынша азайтып, мемлекеттік қызмет тартымдылығының артуына әсерін тигізді.

Жаңа іріктеу жүйесіне көшкеннен бері Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарында 2025 жылдың қорытындысымен жалпы конкурс бойынша 1 орынға 11,7 (2024 ж. – 8,6) кандидат қатысып, осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда олардың үлесі 3,1 адамға артып, мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығын көрсетті.

**– Қазір жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығы артып келеді. Бұл тенденцияны қалай бағалайсыз?**

– Соңғы жылдары мемлекеттік басқару жүйесінде айтарлықтай трансформация жүріп жатыр. Оның негізгі бағыты – жастарға мүмкіндік беру, жаңа буынды басқарушылық ортаға тарту. Бұл бағыт бірнеше нақты тетік арқылы іске асуда.

Біріншіден, жаңа айтып өткендей ашық іріктеу жүйесінің енгізілуі.

Екіншіден, меритократия қағидатының күшеюі. Қызмет өсуі бұрын белгілі бір тәртіппен ғана жүрсе, қазір жас, қабілетті маман қысқа уақытта басшылық қызметке көтеріле алады.

Жастармен жұмыстың ең ауқымды жобаларының бірі – Президенттік жастар кадр резерві.

Бұл жоба – Мемлекет басшысының 2019 жылы көтерген бастамасы. Президент «Сапалы кадрсыз реформа болмайды» деп нақты атап өткендіктен, елімізде білікті, білімді, елге адал жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту – басты мақсаттардың бірі. Президенттік жастар кадр резерві – осы мақсатқа жетудің нақты әрі тиімді құралы деп

> Әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби тәжірибесі болған кезде, ішкі конкурстар институтының негізінде өзінің мемлекеттік органында ғана емес, республиканың кез келген басқа да аумағында мансаптық ілгерілеу мүмкіндігі бар

есептеймін. Ең бастысы, бұл – әлеуметтік баспалдақ, яғни қай өңірден шыққанына, кімнің баласы екеніне қарамастан, білімі мен қабілетіне қарай мемлекеттік қызметте жоғарылауға зор мүмкіндік.

Елдің дамуы үшін орталықпен қатар өңірлердің де кәсіби басқару әлеуеті мықты болуы қажет. Осы мақсатта соңғы жылдары елімізде Өңірлік кадр резерві жүйесі белсенді енгізіліп, жергілікті басқару саласына жаңа серпін беруде. Бұл тетік жас әрі білікті мамандарды анықтап, өңірлік деңгейдегі жауапты лауазымдарға даярлау арқылы басқару жүйесін жаңғыртуды көздейді.

Үшіншіден, GPA көрсеткіші 3,33 төмен емес жоғары оқу орындарының түлектерін мемлекеттік қызметке конкурссыз тағайындау мүмкіндігі. Осы арқылы мемлекеттік қызметке қадам басқан жастар үшін сенім мен жауапкершілік қатар жүктеліп, басқару жүйесінің сапасын арттыруға негіз қаланады.

Бұл жобаларды пайдаланып, өз болашағын ел тағдырымен байланыстыратын азаматтар көбейсе, Қазақстанның да келешегі жарқын болары сөзсіз.

**– Меритократия туралы айтып қалдыңыз. Бұл қағидат туралы толығырақ ашып айтсаңыз?**

– Меритократия – әділетті кадрлық саясаттың негізі. Бұл қағидат бойынша қызметке іріктеу мен мансаптық өсу тек білімі, біліктілігі және жетістігі арқылы жүзеге асады. Яғни, «тамыр-таныстық», «жеке байланыс» емес, нақты нәтиже мен кәсібилік шешуші рөл атқарады.

Басқа сөзбен айтқанда, меритократия – әлдеқайда лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктерін мойындау негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету деген сөз.

Әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби тәжірибесі болған кезде, ішкі конкурстар институтының негізінде өзінің мемлекеттік органында ғана емес, республиканың кез келген басқа да аумағында мансаптық ілгерілеу мүмкіндігі бар.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментімен кадрлардың жай-күйіне, оларды меритократия қағидаты бойынша тағайындаудың объективтілігі мен ілгерілетуге тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі және бүгінде ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 2024-2027 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, меритократия қағидатын сақтау деңгейі тиісті деңгейде орындалып отыр.

Бұл мемлекеттік аппараттың тұрақтылық деңгейінің артқандығын көрсетеді.

**– Ашық әрі мазмұнды сұхбатыңызға рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Айгүл УАЙС**

# ЖАСАМПАЗ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ




Астананың Сарыарқа ауданында мектеп оқушылары арасында «Заң және тәртіп» қағидаты аясында «Алғырлар – 2025: идеядан болашаққа» атты оқушылар жобаларының байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты – жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу.

«Байқауға ауданымыздағы 33 мектептің оқушылары қатысты. Әр қатысушы өз жобасын видео-эссе форматында ұсынды. Оқушылар мектептегі буллинг пен кибербуллинг, интернет-алаяқтық және кәмелетке толмағандар арасындағы өзге де құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша өз идеялары мен ұсыныстарын ортаға салды. Жобаларды беделді қазылар алқасы бағалайды. Ең бастысы, бұл жай ғана байқау емес, тиімді әрі тың бастамалар алдағы уақытта тәжірибеде қолданылатын болады» деді Сарыарқа ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Қасымжомарт Бейсенбай.

# КЕЛЕШЕКТІҢ КЕЛБЕТІ – «ДАНА»

Астана қаласындағы №115 жалпы орта білім беретін «Келешек мектептің» оқушылары инклюзивті білім беруді қолдауға бағытталған тың жобаны жүзеге асыруда. Оқушылар мектеп ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қауіпсіз әрі дербес алып жүруге арналған жеке инклюзивті робот құрастырып жатыр. Оқушылар бұл роботқа «Дана» деген ат берді.




«Дана» робот-көмекшісі көру қабілеті төмен, тірек-қимыл аппараты бұзылған немесе кеңістікте бағдарлануы қиын оқушылардың мектеп ғимараты ішінде дербес, қауіпсіз және сенімді қозғалуына мүмкіндік береді. Мұндай санаттағы балалар үшін кабинеттер арасында қозғалу барысында мазасыздық деңгейі жоғарылап, сыртқы көмектің қажеттілігі жиі туындайды. Жоба осы мәселені заманауи технологиялар арқылы шешуді көздейді.

Қазіргі таңда жаңа роботтың бас модулі мен негізгі корпусы толықтай құрастырылған. Алдағы уақытта құрылғының барлық бөлшектері жинақталып, техникалық баптау жұмыстары аяқталған соң, «Дана» робот-көмекшісі мектеп ішінде өз қызметін атқаруға кіріседі.

Бұл жоба оқушылардың инженерлік ойлау қабілетін дамытуға ғана емес, сонымен қатар инклюзивті қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

# «QARZHY SAQSHYSY» ЖАСТАР АРАСЫНДА

Астанада 1-15 желтоқсан аралығында «Заң және тәртіп» жалпыұлттық қағидаты аясында жастардың қаржылық сауаттылығы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған «Qarzhy Saqshysy» республикалық компьютерлік ойыны өтті.



Бұл іс-шараға барлығы 91 225 білім алушы қатысты. Оның ішінде елорданың 120 мемлекеттік мектебінің 10-11 сыныптарында оқитын оқушылар мен қала колледждерінің 1-2 курсында оқитын студенттер қамтылды.

Жоба Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі тарапынан AML Academy-мен бірлесіп, Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылды.

Интерактивті форматта қатысушылар қаржылық тәуекелдерді тануды, виртуалды қаражатты басқаруды және өмірлік жағдаяттарда шешім қабылдауды үйренді.

Ойын қорытындысы бойынша оқушылар мен студенттер қаржылық пирамидаларды, дропперлік схемаларды анықтау, сондай-ақ фишингтік сайттарды заңды интернет-ресурстардан ажырату дағдыларын меңгерді.

№150 (4894) 20/12/2025 Сенбі

# ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН БАЛА

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Жасанды интеллект біздің күнделікті өмірімізге дендеп еніп кетті. Қазір студенттер түгілі, мектеп оқушылары үй тапсырмасын нейрожелілердің көмегімен орындап жүр. Бұл жаңалық емес. Бір анығы, мұндай үрдісті жақтайтындар да бар, оған қарсылар да аз емес. Жақтайтын тарап балаға білім берудегі ЖИ-дің артықшылықтарын алға тартады. Жақтамайтын тарап ЖИ-дің әр баланың ойлау қабілетіне тигізетін жағымсыз әсері туралы ойларын ұсынады. Енді осы мәселеге өзімізше талдау жасайық.

## ВИРТУАЛДЫ ДОСТЫҚТЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Қазіргі заманғы трендтердің бірі – жеке оқыту. Жасанды интеллекттің көмекке келетін жері де осы. Интерактивті ойыншықтар мен адамның дауысы арқылы сұраққа жауап беретін робот-көмекшіні балалар зор қызығушылықпен қолданады. Мұндай үрдіс бір жағынан пайдалы. Өйткені ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беруде жеке оқу материалдарын жинақтап, әр баланың қабілеті мен жетістігін талдауға ЖИ-дің көмегі көп. Ондай балалар өздері музыка жазып, белгілі бір оқиғаға байланысты мәтіндер ойлап табады. Мысалы, математикаға қабілеті бар бала есептер әлеміне тереңдеп енеді.

Чат-боттар мен виртуалды достық – балалардың ЖИ-мен жақын қарым-қатынас жасауына жол ашып берді. Расында да әр үйге барғанда көріп жүргеніміздей, балалар әке-шешесінен гөрі виртуалды достарымен жақын араласады. Әкесі мен шешесі жұмыстан немесе үй шаруасынан қолы босамаған соң, балалар виртуалды әлемдегі достарымен көп уақытын өткізеді. Интернеттегі бейне ойындардың түр-түрі балаларды қызықтырып әкететіні рас. Бұл – әр балаға ЖИ-дің тарапынан ең жақын, ыңғайлы, жайлы қарым-қатынас. Себебі ол әке-шешесі сияқты балаға ұрыспайды, қателіктері үшін ескерту жасамайды. Кез келген сұрағына лезде жауап береді. Бір ойыннан жалығып кетсе, одан да қызықты екінші ойынды ұсынады. Ең бастысы, бала ЖИ-мен қарым-қатынаста өзін өте еркін, ашық және жайлы сезінеді. Қош делік.

Әлбетте, біз барлық ата-аналарға топырақ шашып, «баласын ЖИ-дің тәрбиесіне беріп қойды» деп кінәлай алмайтынымыз анық. Әке-шешесі күн сайын арнайы уақыт бөліп, балаларымен ашық әңгімелесетін, әртүрлі интеллектуалдық ойындарды бірігіп ойнайтын отбасылар да бар. Себебі, олар ЖИ-дің баланың даму, ойлау, жетілу процесіне кері әсерін тигізетінін жақсы біледі. Бұл жерде алаңдататын нәрсе, бала ЖИ ұсынатын әр ақпаратты ақиқат деп қабылдайды. Мұндай жағдайда сол баланы ЖИ-ге тәуелділігін арттырып, өзінің әке-шешесімен, айналасындағы адамдармен тірідей сөйлесуін тыйып тастауы мүмкін.

Зерттеуші-ғалымдардың анықтағанындай, жасанды интеллект баланың сыни ойлау қабілетінің дамуын тежейді. Өйткені нейрожеліге имандай сеніп алған бала одан алатын әр ақпаратты талдай алмайды, өзінше ой-пікірін қалыптастыруға қауқарсыз болады. Одан қалса, заманауи технология баланың бойына жалқаулықтың, тәуелділіктің дәнегін себеді. Мектепте оқығанда үй тапсырмасын нейрожеліге жаздырған оқушы кейінірек студент болғанда рефератын, дипломын тұтастай ЖИ-ге жаздырып, жатыпішер жалқаудың өзіне айналады.

## БІЗГЕ ЖИ КЕРЕК ЕМЕС!

Біздің балалар миын қозғағысы келмей жүрсе, ағылшын балалары ЖИ-дің пайда болуы шығармашылық жағынан жетілуге кедергі келтіретінін айтады. Жуырда Oxford University Press зерттеушілері британдық оқушыларға жүргізілген зерттеудің қорытындысын жария етті. The Guardian газетінде жарияланған мақалада жазылғандай, ЖИ балалардың оқуына кедергі келтіріп қана қоймай, шығармашылық тұрғыдан жетілуін төмендететіні айтылған. Зерттеуден мәлім болғанындай, 13-18 жас аралығындағы оқушылардың тек 2 пайызы ғана ЖИ-ді мектепте қолданбайды. Ал 80 пайызы жүйелі түрде қолданады екен. Цифрлық технологиялардың кең таралғанына қарамастан, жасөспірімдердің 62 пайызы ЖИ-дің дағдыларды жетілдіруге кері әсерін тигізетінін ашық айтқан. Сауалнамаға қатысқан әр төртінші оқушының пікірінше, жасанды интеллект «сұрақтың жауабын тым жеңілдетіп жібереді», соның нәтижесінде әр баланың өзіндік жұмысқа деген қажеттілігі жоғалады. Сауалнамаға жауап берген балалардың 12 пайызы ЖИ өздерінің шығармашылық ойлауын және белгілі бір тапсырманы орындауын шектейтінін хабарлаған.

Oxford University Press-тің генерацияланған ЖИ бойынша маманы Александра Томеску бұл зерттеу оқушылардың технологияның пайдасын сезіну тұрғысынан тұңғыш әділ жұмыс болғанын айтады. «Біздің анықтағанымыздай, оқушылардың 60 пайызы ЖИ құралдары шынайы жұмыстың орнына бұрынғы жазылған жұмыстарды көшіріп алып, ұсынатынына алаңдайды. Өйткені мектепте алғаш дайындалған бірегей жұмыстар кейінірек сол баланың шығармашылық дағдысын қалыптастырып, білім көкжиегін кеңейтеді» дейді А.Томеску. Таң қаларлығы сол, социологиялық зерттеуге қатысқан 2000 оқушының жартысына жуығы ЖИ-ді сабақта басқа оқушылар көрсетпей пайдаланатынын, оны мұғалімдер көрмейтінін мойындаған. Бұл, әрине, ойланарлық жағдай.

### ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖИ ҚОЛДАНУЫ




## ЖИ-ді ОҚУШЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ДҰРЫС?

Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары - Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мадиев алдағы 5 жыл ішінде 1 миллион адамды жасанды интеллект дағдыларына үйрету жоспары жасалғанын мәлімдеді. Ол білім беру бастамалары мектеп оқушыларын, студенттерді, мемлекеттік қызметшілерді, кәсіпкерлерді және үйренгісі келетін барлық адамдарды қамтитынын айтты. Президенттің тапсырмасымен Оқу-ағарту министрлігі 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектептерге жасанды интеллектті оқытуды енгізгені мәлім. Әрі қарай қандай қадам жасауымыз керек?..

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов мектептерге енгізіліп жатқан ЖИ-ді қалай және не үшін қолдану керектігі туралы нақты бағдар жоқ екеніне алаңдайды. Депутат балалар ЖИ-ді саналы түрде, жауапкершілікпен және этикасына, дұрыс сұрау құруға (prompt engineering), жауапкершілікке, медиасауаттылыққа үйретуіміз керек. Маңыздысы – соқыр көшіруге емес, саналы қолдануға дағдыландыру. Ең басты қауіп – балалардың дайын жауаптарға тәуелді болуына жол бермеуге тиіспіз. Керісінше, ЖИ-ді өз ойлауын дамыту құралы ретінде пайдалана білуге, өздігінен үйренуге үйретуіміз қажет» деп өз ойын түйіндеді депутат.

## ЖИ КІМДІ ТОПАС ҚЫЛАДЫ, КІМДІ СҰҢҒЫЛА ЕТЕДІ?

Белгілі IT-сарапшы Тимур Бектұр егер дұрыс қолдануды білмесе, ЖИ оқушылар мен студенттерді топас қылады деген пікірін әлеуметтік желіде жариялады. «Әлемдік деңгейде сөз сөйлеп жүрген мамандардың айтуынша, ЖИ катализатор рөлін атқарады. Бұл не деген сөз? Бұл ЖИ топас, оқымайтын, жалқау, еріншек адамдарды одан сайын топас, жалқау, еріншек, сауатсыз қылады. Ал оқитын, ізденетін, қызығушылығы көп, білсем екен, көрсем екен, түсінсем екен деген оқушы мен студентті одан әрі үздік, озат, сұңғыла етеді. Асылында, ЖИ құралдары анау Маңғыстаудың Ақшымырау-Қызанында, сонау Алматының Кегені мен Нарынқолындағы адамдарға азуын айға білеген АҚШ-тың алпауыт университеттеріндегі әлемдік білімді беру үшін қажет. Тіл үйрену, зерттеу, ғылымға әуестену, ақпарат алу, сан алуан ақпарат көзімен жұмыс істеу үшін қажет. Ол сондықтан да енгізіліп жатыр. Енді балалар мен студенттер тапсырма орындаған кезде миларын қозғағысы келмесе, оны дұрыс қолдануды мұғалімдер тәптіштеп айтпаса, топас бала топастана береді. Шамасы, табиғи сұрыпталу осылай жалғасатын сияқты. Сонда не істеу керек?

1) Ата-аналар балаларына ЖИ-ді дұрыс қолдануды үйрету керек.

2) Мұғалімдер оқушыларға ЖИ-ді дұрыс қолдануды үйрету керек.

**ЗЕРТТЕУШІ-ҒАЛЫМДАРДЫҢ АНЫҚТАҒАНЫНДАЙ, ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАЛАНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ НЕЙРОЖЕЛІГЕ ИМАНДАЙ СЕНІП АЛҒАН БАЛА ОДАН АЛАТЫН ӘР АҚПАРАТТЫ ТАЛДАЙ АЛМАЙДЫ, ӨЗІНШЕ ОЙ-ПІКІРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚАУҚАРСЫЗ БОЛАДЫ. ОДАН ҚАЛСА, ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ БАЛАНЫҢ БОЙЫНА ЖАЛҚАУЛЫҚТЫҢ, ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ДӘНЕГІН СЕБЕДІ**

3) Аралық һәм тоқсандық және жылдық бақылау кезінде смартфон, ЖИ қолдануға рұқсат бермеу керек. Ештеңе білмейтін балаға 2 деген бағаны аямай қою керек.

4) Келесі сыныпқа көшірмей тастау тәжірибесін өмірге қайта әкелу керек.

Тредс деген әлеуметтік желі бар. Сол жерде мұғалімдердің барлығы «ТЖБ/БЖБ кезінде оқушылар смартфоннан қарап жазады, ештеңе істей алмаймыз» деп пұшайман боп отыр. Біздің білім беру жүйесінде оқымайтын баланы баға арқылы жазалау әдісі жоғалып кеткенге ұқсайды. Мәселе ЖИ-де емес, мәселе оқымайтын адам мен оқитын адамды бағалау, тиісінше шара қолдануда боп тұр. Ал оқымайтын балаларға бола оқитын балалардың бағын байлап, ЖИ үйретуді, қолдануды шектеуге болмайды. Бұл – қиянат» дейді Т.Бектұр.

# ТӨЛ ӨНЕРІМІЗДІҢ ОРДАСЫ АШЫЛДЫ

Елордада Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағы кеңсесінің ашылу салтанаты өтті. Астана қаласының әкімдігі мен Amanat партиясының қолдауымен төл өнеріміздің өкілдеріне берілген ғимараттың ашылуына Парламент депутаттары, қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, Amanat партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, қоғам және мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысып, жылы лебіздерін жеткізді.



**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Қызыл лентаны көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының төрағасы Жүрсін Ерман, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Негимов, даңғайыр жыршы-жырау, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов қиды. Айтыс ардагері Егеухан Мұқамәдиқызы қазақы дәстүрмен шашу шашты.



«Біздің одақтың бүкіл облыс орталықтарында филиалдары, өкілдіктері бар. Облыстағы ақындарымыз, жыршы-термешілеріміз Астанаға келгенде ең бірінші маңдай тіреп келетін қара шаңырақ болады деп ойлаймыз. Кеңсеміз Астанадағы рухани қара шаңырақтың бірі болсын дегім келеді. Бұл шаңыраққа зиялы қауым, ақын-жазушыларымыз, ғалымдарымыз, тау тұлғаларымыздың барлығы келіп, кездесулер өткізетін, күнделікті одақтың жұмыстарының жүйесі қалыптасатын үлкен қара шаңырақ болады» деді Парламент Мәжілісінің депутаты, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер халықаралық одағы төрағасының бірінші орынбасары Аманжол Әлтай.

Төл өнеріміз өкілдері бас қосатын ордаға айналатын кеңсе талантты жастарды тәрбиелеп, ұлттық өнерімізді дамытуға қызмет етпек. Шығармашылық үйінде тек толымды ой-толғамдар туып қана қоймай, ұлттың мәдени жауһарлары мен рухани мұрасы дәріптелмек. Кеңседе шығармашылық кездесулер өткізіліп, тәжірибе алмасу, жас ақындарға шеберлік сабақтары ұйымдастырылады. Ғимаратта қазіргі заман сұранысына сай келетін мультимедиялық студия да орналасты. Кеңсенің ашылу салтанатына Астанадан ғана емес, ел өңірлерінен де арнайы келген айтыскер ақындар, жыршы-термешілер қуаныштарын жасырмады.

«Жыл сайын жоспарлы түрде айтыстар өтіп жатыр. Тек қана үлкен айтыскерлердің емес, мектеп оқушыларының айтысын да қолға алдық. «Алтын домбыра», «Күміс домбыра» және «Қола домбыра» деп атап, жылдың соңында 3 деңгейде қорытынды айтыстар өткізіп жатырмыз. Бұл өнерді біз ЮНЕСКО-ның Бекзат өнері деген номинациясы бойынша кіргіздік. Айтысты әрі қарай жетілдіріп, Еуропада, Америкада, керек болса Азияға насихаттауға дайындалуымыз керек» деді белгілі ақын, ғалым, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Amanat партиясы Астана қалалық филиалы жанындағы азаматтық қоғам мен мәдениетті дамыту жөніндегі «Miras» қоғамдық кеңесінің төрағасы Серікзат Дүйсенғазы.

Биыл халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде 65 айтыс ұйымдастырылды. Соның ішінде Әйтеке бидің 380, Абай Құнанбайұлының 180, Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы және тағы басқа тарихи тұлғалар мерейтойлары мен жылдың басты оқиғаларына арналған айтыстар өтті. «Командалық айтыс» жобасы ұйымдастырылды. Оған республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардағы өнерпаздардан құралған 20 команда қатысты. Ақтық сында Түркістан облысы мен Қарағанды облысы тең өнер көрсетті.





# МАХАББАТ МҰҢЫ: ҒАСЫР ДИЛЕММАСЫ

Тахауи Ахтановтың драматургиялық мұрасы қазақ ұлттық театрының тарихында іргелі орын алады. Оның «Махаббат мұңы» пьесасы үнемі режиссерлердің назарын өзіне аударады. Бұл туынды көтерілген мәселелердің тереңдігімен ерекшеленеді. Мұнда асқақ арман мен қарапайым өмірдің қақтығысы, алғашқы махаббаттың пәктігі мен сатқындық, суреткер тағдыры мен өмірлік прагматизм қамтылған. Астана қаласының «Жастар» театры Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбайдың сахналауымен осы спектакльдің премьерасын ұсынды. Режиссер нәзік метафоралар мен символдық визуалды бейнелерге негізделген спектакль қойды.

Қоюшы-суретші жасаған сценографияның негізгі элементі – артқы фондағы жүрек пішінді қағаз жапырақтары бар алып ағаш. Бұл визуалды образ спектакльдің лейтмотиві қызметін атқарады, жастық шақтың үміттері мен сынғыш сезімдерін бейнелейді. Ерекше назар аударатын режиссерлік шешімдердің бірі – бұл ана (Балжан Зияқұлова) бейнесі және оның сахнадағы орны. Ана – оқиғаға тікелей араласпайтын, бірақ үнемі авансценада (сахнаның алдыңғы жағында) отыратын тұлға. Ол – жай ғана енжар бақылаушы емес, тарихтың үнсіз куәгері, халық даналығының, уақыт пен тағдырдың өзі. Оның спектакльге қатысуы жас кейіпкерлердің әрбір әрекетіне салмақ пен тереңдік береді.

Ләззат – бұл драманың эмоционалды орталығы, өнер адамының жиынтық образы. Актриса Арайлым Тұрлан кейіпкерінің нәзіктігін, өмірге құштарлығын және табиғатпен ішкі үндестігін тамаша ашты. Қойылымның басында біз Ләззатты аңғал, пәк, өмірге тек жақсы жағынан қарайтын, сәл ерке қыз ретінде көреміз. Актриса осы табиғи еркелікті, айналасындағыларға деген сенімділікті сахнада өте сенімді, шынайы жеткізе білді. Оның қиялшыл болмысы, «даланың, құстың, желдің, судың, гүлдің сыбырын» тыңдайтын ерекше жаны – оның өнер жолын таңдауының ішкі қозғаушы күші болып көрінеді. Актрисаның сахнадағы трансформациясы өте сенімді шықты: ұялшақ, өлеңдерін жасыратын қыздан, махаббаттың алғашқы соққысынан кейін күйзеліске ұшыраған, бірақ ішкі дүниесі берік әйелге айналуы көрерменді бауап алды.

Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» драмасындағы Салиха бейнесі – өмірдің қатал шындығын, прагматизмді және жастық арманға қарсы тұратын ересек өмірдің салмағын арқалаған күрделі тұлға. Режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың бұл кейіпкерді ашудағы шешімі және актриса Назерке Серікболқызының орындауы театртанушылар үшін ерекше қызығушылық тудырды. Бұл спектакльде актриса өзінің актерлік амплуасын кеңейтіп, мүлде жаңа қырынан танылды. Оның сомдаған Салихасы – үстемшіл, қатал, тік мінезді және өмірлік ұстанымы айқын тұлға. Назерке Серікболқызының шеберлігі арқасында біз Тахауи Ахтановтың осы күрделі кейіпкерін жан-жақты, сенімді және шынайы қабылдадық.

Бағила – спектакльдің жалпы драмалық салмағын теңгеріп тұратын, өміршең энергиясымен ерекшеленетін кейіпкер. Ол – студенттік өмірдің ашық, шынайы өкілі. Шехназа Қызыхановаңың орындауындағы Бағила – ашық-жарқын, тік мінезді жан. Актрисаның сахнадағы қуатты эмоциясы мен ойнақылығы, әсіресе жігітімен арадағы әзіл-оспаққа толы көріністерде айқын байқалады. Бұл жеңілдік пен әзіл-оспақ Салиханың қаталдығы мен Ләззаттың мұңдылығына қарама-қайшы қойылып, пьесаның жанрлық палитрасын байытады.

Нияз бейнесі – бұл махаббаттың алдамшылығын, адам мінезіндегі екіұштылықты көрсететін күрделі образ. Актер Әбутәліп Әміре кейіпкердің екі түрлі қырын сенімді жеткізді. Бастапқыда Нияз Ләззаттың жанын түсінетін, поэзияны бағалайтын, тіпті өзі де өлең оқитын романтик ақын ретінде көрінеді. Оның Ләззатқа деген ғашықтық сөздері («Адам атадан бері айтылып жауыр болған сөз, бірақ жүректен шығатын ең асыл сөз...») шынайы сезіледі. Режиссер қолданған айна арқылы өтетін немесе ширмаға оралып құшақтасатын сахналар актерлердің үйлесімділігімен және сезім ұшқынымен есте қалды. Алайда оқиғаның шарықтау шегінде оның опасыздығы ашылады (әйелінің бары белгілі болады). Бұл оқиға кейіпкердің моральдық тұрақсыздығын көрсетеді. Финалдағы оның ақталуға тырысқан әрекеті өзімшілдік пен жауапкершіліктен қашудың көрінісіндей. Актер Ниязның сыртқы тартымдылығы мен ішкі жансыздығы арасындағы контрастты айқын көрсете білді.

Қуантай – пьесадағы Ләззаттың арманшыл әлеміне қарама-қарсы қойылған қарапайым өмірдің өкілі. Актер Шыңғыс Жақыпбай кейіпкердің аққөңіл табиғатын, достыққа адалдығын және соңындағы түсіністеушілікпен кетіп қалуын шынайы көрсете алды. Қуантай – Ләззаттың бала кезден бірге өскен досы. Ол оған ғашық, бірақ бұл сезім жауапсыз. Ләззат оны тек дос, аға ретінде ғана қабылдайды. Қуантайдың функциясы – Ләззатқа қалыпты, тыныш өмірді ұсыну, оны «қиял» әлемінен шығарып, нақты өмірге тарту. Кейіпкердің дүниетанымы оның бір ғана репликасымен толық ашылады: «Өлеңді ұқпасам да дүниені ұғатын едім ғой». Бұл сөздер Қуантайдың өнерден, жоғары рухани құндылықтардан алыс екенін көрсетеді. Ол өмірдің мәнін материалдық немесе қарапайым нәрселерден іздейді. Спектакльдің жалпы әсерінде Қуантайдың рөлі маңызды болғанымен, актерлік орындауда кемшіліктер орын алды. Актер Шыңғыс Жақыпбайдың дикциясы мен сахналық сөйлеу мәнері кәсіби деңгейде болмады. Кейбір репликалар анық естілмей, сөздер «лас» шықты. К.Станиславский атап өткендей «Сахналық сөз шеберлігі – бұл актердің басты қаруы, онсыз ешбір образ толыққанды ашылмайды». Бұл кемшілік кейіпкердің айтпақ болған ойының көрерменге толық жетуіне кедергі келтірді.



Нұрқанат Жақыпбайдың режиссерлігімен сахналанған Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» спектаклін классикалық мәтіннің жай ғана иллюстрациясы емес, режиссер заманауи театр тілінде сөйлеткен, терең философиялық жүгі бар көркемдік баяндау деп бағалаймыз.

Бұл қойылым көрерменге ғасыр дилеммасын ақынның жеңіл махаббатқа берілуі мен қыздың абыройынан айырылуы секілді мәңгілік моральдық қайшылықты ұсынды. Бұл мәселе – тек пьесадағы оқиға ғана емес, адамзатқа ортақ, шешімін таппайтын күрделі жағдай. Режиссер осы тақырыпты бүгінгі күнмен байланыстырып, көрерменді ойландырды. Спектакльдің басты жетістігі – режиссерлік шешімдердің (символды ағаш, ширмалар, авансценадағы Ана бейнесі) және композитор Ренат Гайсиннің әсерлі музыкасының органикалық үйлесімі.

Актерлік ансамбльдің жұмысы жоғары деңгейде көрініс тапты. Арайлым Тұрлан (Ләззат), Назерке Серікболқызы (Салиха), Шехназа Қызыханова (Бағила) және Балжан Зияқұлова (Ана) сынды актрисалар өз кейіпкерлерінің күрделі ішкі әлемін ашуда зор шеберлік танытты. Әсіресе, Ананың рөлі және оның көрермен залы арқылы шығып кетуі төртінші қабырғаны бұзып, өнер мен өмірді байланыстырған күшті режиссерлік табылған шешім болды. «Махаббат мұңы» спектаклі – өмір жолын таңдау, өнердің құдіреті, адамдық қарым-қатынастардың нәзіктігі мен қасіреті туралы терең, жан тебірентерлік баяндау. Қойылым бізді бей-жай қалдырмады және ұзақ уақыт бойы ойға жетелейтіні сөзсіз. Бұл – қазақ театр өнерінің сапалы үлгісі.

**Нұрсая ҚАЙРАТ,**
**К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті**

**ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!**

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары:
8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

№150 (4894) 20/12/2025 Сенбі

# САХНА МЕН ҚАЛАМ

Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының актері, жас драматург Қазыбек Аманжол Қазақстан Театр қайраткерлері одағының «Еңлікгүл-2025» сыйлығының «Жыл драматургы» аталымында топ жарды.





Өнер иесі бастапқыда Ақтөбе қаласындағы Тарлан көпсалалы колледжінде «драма театры әртісі» мамандығын алды. Содан соң Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сайлау Қамиевтің шеберханасында оқып, «музыкалық театр әртісі» мамандығын игерді. Студент кезінен түрлі байқауларға қатысып, талантымен танылды. Мәселен, Алматы қаласында өткен Кәукен Кенжетаевтың 100 жылдығына арналған студенттер арасындағы халықаралық «All-art театр» фестивалінде «Этюд» аталымы бойынша бас жүлдені жеңіп алды.

Мәмбетов театрында Қазыбек Аманжол әлемдік классикада, шетелдік және отандық туындыларда, қазіргі заманда шығармаларда да кейіпкерлерді сомдайды. Атап айтқанда, Шекспирдің «Ричард III» спектаклінде, Мольердің «Сараңында», Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекетінде» ойнайды. Редьярд Киплингтің «Мауглиінде» және Антуан де Сент Экзюперидің «Кішкентай ханзадасында» оның еншісіне бас кейіпкерлер, яғни Маугли мен Ханзада тиді.

Отандық туындыларға келсек, актер Мұхтар Әуезовтің «Жас Абайында», Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббатында», Дулат Исабековтің «Тыныштық күзетшісі», «Әштен» шығармаларында, Оралхан Бөкейдің «Ауыл хикаяларында» көрінеді. Қанат Жүнісовтің «Алаш жолы» спектаклінде «күн көсем» Ленинді, Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шағында» автор Ақбереннің өзін сомдайды.

Қазыбек Аманжол драматургияда жемісті еңбек етіп келе жатыр. Оның қаламынан туған «18 автобус» шығармасы жас драматургтер сайысында, DRAMA.KZ жобасында үздік деп танылды. «Ұрылар» комедиясы Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ-музыкалық драма театры сахнасында қойылды.

Мәмбетов театры репертуарында Қазыбек Аманжол жазған «Жалдамалы пәтер» спектаклі бар. Биыл осы өнер ошағында қазақтан шыққан тұңғыш бард-ақын Табылды Досымовтың өмірі мен өнеріне негізделген «Сәйгүлік» музыкалық драмасының премьерасы табысты өтті. Бұл қойылымды жуырда Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин тамашалап, оң бағасын берді. Сол кезде көрермендердің арасында болған, спектакльге атау берген Табылдының «Сәйгүлік» әні мәтіннің авторы, көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Светқали Нұржан «Дәстүрден де тамыр үзбеген, жаңашылдықтан да қашпаған қойылымның көркемдік шешімдері де, актерлердің шеберліктері де тәнті етті» деп тебіренді.

Мұны айтып жатқанымыздың себебі, «Сәйгүлік» пьесасы дәл осы Қазыбек Аманжолдың қаламынан туды. «Еңлікгүл» сыйлығы да оған осы туынды, «№117 пәтер» және кеше ғана Түркістан қаласында сахналанған «МузАрт» шығармалары үшін берілді.

«МузАрт» музыкалық драмасы шынайы оқиға негізінде жазылды. Қазақ музыка өнерінің бір дәуірін айшықтап, халықтың сүйіспеншілігіне айналған топтың қалыптасу жолын сахнада көркем өрнектейтін туындыда орындалатын танымал әндер көрерменді сол жылдарға жетелеп, «МузАрт» феноменін ашуға жетелейді. Алдында аталған «Сәйгүлікті» және осы «МузАрт» спектакльдерін Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының бас режиссері Әли Бидахмет сахналады. Мұнымен қазақ театрына Қазыбек Аманжол-Әли Бидахмет секілді талантты тандем келгенін айтпақпыз. Бұл екеуінің бірлестігінен сахнаға әлі талай тамаша туындылар жол тартатынына сенімдіміз. Солай болғай!

# NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАР ЖАРЫСЫ

Астанада NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру және жан-жақты қолдау мақсатында «Astana Жас Жігер» жобасы жалғасып жатыр. Жобаның кезекті іс-шарасы ADD Sport Astana үстел теннисі орталығында 30 адамның қатысуымен өтті.



«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының жастар бастамаларын қолдау бөлімінің маманы Дәуіржан Жұмаханның айтуынша, «Astana Жас Жігер» жобасы елордада 2022 жылдан бастап тұрақты негізде жүзеге асырылуда. Бұл жобаның мақсаты – елордалық базарларда жұмыс істейтін жастар, фрилансерлер арасында мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру. «Олардың көпшілігі маусымдық жұмысқа келеді. Қазіргі сәтте Астана жастар ең көп келетін қала қатарына кіреді. Біздің міндетіміз – жастарды назардан тыс қалдырмау, олардың бос уақытын пайдалы өткізуіне атсалысу. Қараша айының соңында басталған жобада NEET жастар шағын футбол, волейбол, үстел теннисін ойнаса, уақытша түзету мекемесіндегі жастар арм-рестлинг, гір тасын көтеру, арқан тартыста сынға түсіп жатыр» деді ол.

Бүгінде үстел теннисімен елімізде 260 мыңнан астам адам жүйелі түрде шұғылданады. Ал дәл осы жоба арқылы NEET жастар заманауи спорт кешенін үстел теннисімен айналысуға мүмкіндік алды. Жарыс қорытындысы бойынша жүлдегерлер диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Алдағы уақытта шағын футболдан базар жастары арасындағы жеңімпаздар белгілі болады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

# ҮЗДІК АУЛА КЛУБТАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Астанада жастар көптен күткен ерекше іс-шара «AulaFest» жобасының қорытынды кеші өтті. Оның барысында елордадағы аула клубтарының жұмысы қорытындыланып қана қоймай, жыл бойы жетістікке жеткен өнерлі балалар алғыс хаттармен марапатталды.




Шараның негізгі ұйымдастырушысы Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» мекемесінің медиа және PR бөлімінің басшысы Анара Мурзабаеваның айтуынша, мұндай кеш бірінші рет ұйымдастырылып отырған жоқ.

«Астана қаласында жалпы 10 аула клубы бар. Онда 2000-нан астам тәрбиеленуші оқиды. «AulaFest» жай ғана концерт емес. Бұл – қаладағы сол аула клубтарына баратын жасөспірімдердің өзін танытуға мүмкіндік беріп, тәлімгерлердің еңбегін бағалау» дейді ол.



Жоба бірнеше ай бойы жалғасып, балалар мен жасөспірімдер аула клубтарында күнделікті сабақтар өткізіп, түрлі бағытта өздерін дамытады. Бұл спорттық турнирлер, би, музыка, сурет, шахмат үйірмелері, шығармашылық қойылымдар болып кете береді.

Спорттық және шығармашылық бағыттарда жұмыс істейтін аула клубтарының бірі «Ақжол» аталады. Оған 80-ге жуық бала барады. Оның тәрбиеленушілері шахмат, дойбыдан әлемдік жарыстарға қатысып, алтын, күміс медальдарын иеленді. Домбыра үйірмесінің қатысушылары да байқауларда топ жарып жүр.

«Талғат» және «Дина» спорт клубтарының жетекшісі Болат Рамазанұлы шәкірттері республикалық, әлемдік байқауларда топ жарып жүргенін айтады.

«Жалпы біздегі екі клубта 500-ге жуық бала бар. Бүгінге дейін спортшыларымыз қалалық, облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындардан көрініп жүр. Аула клубтарына мемлекет тарапынан жаттықтырушылардың жалақысына көмек көрсетіліп отырады. Әрине, ол бізге үлкен көмек» дейді ол. Сондай-ақ ол болашақта қазіргі тәрбиеленушілерден нағыз спорт шеберін шығару мақсаты тұрғанын айтады.

Жалпы «AulaFest» – аула клубтары арасындағы байланысты нығайтатын, балаларға сенім сыйлайтын әлеуметтік жоба. Жасөспірімдер үшін мұндай алаңның маңызы ерекше. Олар бір-бірінен үйренеді, жаңа ортаға бейімделеді, қабілетін ашуға мүмкіндік алады. Ең бастысы, өз еңбегі бағаланатынын сезінеді.

Аула клубтарының жұмысы тек сабақ пен жаттығудан тұрмайды. Мұнда балалар өз ортасын тауып, жаңа достарымен араласып, бос уақытын пайдалы өткізуге үйренеді. Тәлімгерлердің айтуынша, көптеген жасөспірім дәл осы клубтарда өз болашақ мамандығын анықтап, өмірлік мақсатын қалыптастырып жатады. Бірі спортқа жақындай түссе, енді бірі шығармашылық бағытта өсіп, түрлі қалалық іс-шараларда өнер көрсетеді.

Биылғы «AulaFest» те осы еңбектің нақты нәтижесін көрсетті. Кешке жиналған ата-аналар, жаттықтырушылар мен көрермендер балалардың жетістігіне шын жүректен қуанып, олардың өнерін жылы ықыласпен қабылдады. Осындай жобалардың арқасында елордалық жастардың бойында жауапкершілік, еңбекқорлық, командалық рух қалыптасады. «AulaFest» қатысушыларының өзіне деген сенімін арттырып, алдағы жетістіктерге жол ашады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
**Тапсырыс № 150**
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Va-reklama@mail.ru**
**aqsham1990@mail.ru**

**Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**